

Әділетті Қазақстан

Барлық мемлекеттік стратегия, үкіметтік және аймақтық бағдарламалар, салалық жоспарлар мен нақты шешімдер азамат өмірін жақсартуы керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ



АЛМАТЫДА «АЗИЯ ДАУЫСЫ» ӨТЕДІ

5

ФОРУМ



ТУРИЗМ ЖӘНЕ ТӘЖІРІБЕ

6

МӘСЕЛЕ



ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ҚҰЛАТАДЫ

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.07.2023

Түнде:



+22+24 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

26.07.2023

Түнде:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №88 (6381) 25 шілде, сөйсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТАРИХИ ТАНЫМ

ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗ ЖАҢАША ЖАЗЫЛДЫ

«Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» атты академиялық басылымның жеті томдығы дайын болды



Қазақстан тарихының жаңа академиялық басылымы жарыққа шыққалы жатыр. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Түркістандағы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтырудың нақты бағыттарын атап өтті.

8-9

САЯСАТ

МӘЖІЛІСТЕГІ МӘСЕЛЕ:

«ПАРТИЯСЫЗ» ДЕПУТАТТАР БАСЫМ ТҮСТІ



Газеттің өткен №86 санында депутаттардың сауалдарына сараптама жасап едік. Соны ары қарай жалғастырамыз. Алдыңғы жолы сауалдардың кімге жолданғанына және оларда қандай мәселелер көтерілгеніне тоқталғанбыз. Енді Мәжілістегі саяси партиялар фракциялары мен фракцияға кірмеген партиясыздардың сауалдарын талдайық.

VIII шақырылым депутаттары бірінші сессияда 253 сауал жолдаған. Бәріне саясаттану бойынша талдау жасадық. Сауалды кім жолдаған деген сұраққа жауап іздедік. Сөйтсек, өзін-өзі ұсынған депутаттар саяси партиялардың алдын орап кетіпті. Әсіресе, саяси белсенділіктің жарқын үлгісін Бақытжан Базарбек, Ермұрат Бапи мен Абзал Құспан сияқты депутаттар көрсеткен.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтады.
- Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.
- Қазақстандықтар 8,9 млрд теңге зейнетақы жинағын сенімгерлік басқаруға берген.
- Елімізде ең төменгі жалақы мөлшерін анықтаудың жаңа әдістемесі енгізіледі.
- Қазақстандық студенттер XXXI жазғы Дүниежүзілік студенттер ойындарына қатысады.
- 30 тамыздан бастап ереже бұзған электр самокаттары айып тұрағына жеткізіледі.
- Алаш ардақтысы Сәкен Сейфуллин туралы фильм түсіріледі.
- Оқулықтардың 80%-ы цифрлық форматқа көшірілді.
- Алматы академиясына курсанттарды іріктеу аяқталды.
- Оңтүстік астанада суретші Жанель Жұбанованың жеке көрмесі ашылды.
- «Бітпейтін той» фильмі көрерменге жол тартты.

www.almaty-akshamy.kz



3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Сенатор Сұлтан Дүйсембинов Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында болды. Депутат сапар барысында бірқатар стратегиялық маңызды нысандарды аралады және өңірдегі проблемалық мәселелермен танысты.

Депутат сонымен қатар, фермерлік шаруашылықтарда да болды және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің жұмысымен танысты. Өңірде тамшылатып суару жүйесін пайдаланып жұмыс істейтін бау-бақша шаруашылықтарына ерекше мән беріліп отыр. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде мемлекеттен субсидия алған болатын. Сенатор өз сөзінде шаруалардың күрделі мәселелерін шешуде заңнамалық көмек көрсетуге дайын екенін атап өтті.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева көтерген мәселелер бойынша кеңес өткізді.

Премьер-Министрдің орынбасары Д.Закиеваның әрбір ұсынысы бойынша мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді. Отбасыларды жан-жақты көмекпен қамту жұмыстарын үйлестіру мәселелерін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына бекіту; Ішкі істер министрлігіне мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, қолайсыз жағдайдағы отбасыларды ерте анықтау бойынша мобильді топтардың жұмысын заңнамалық тұрғыдан бекітуді пысықтау тапсырылды. Ал Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі отбасы, әйелдер және балалар мәселелері бойынша көмек көрсету үшін Бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығын құрумен айналысатын болады.

Сондай-ақ, вице-премьер Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Мәдениет және спорт министрліктеріне әкімдіктермен, Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілмен бірлесіп, балаларға арналған барлық мемлекеттік ұйымдарды (оңалту орталықтары, интернаттар, балалар лагерьлері және т.б.) кезең-кезеңімен жөндеу, материалдық-техникалық базасын жаңарту бойынша тексеру жүргізуді тапсырды.

Т.Дүйсенова Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Білім министрліктеріне облыс әкімдіктерімен бірлесе отырып, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға облыс орталықтарынан тұрғын үй беру мәселелерін пысықтауды тапсырды.

■ ӘЛЕУМЕТ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлері мегаполистер мен облыс орталықтарының еңбек мобильділігі орталықтарының (ЕМО) басшыларына арнайы оқыту семинарын өткізді. Дәріс барысында халыққа қызмет көрсету жұмыстарын жеңілдетуге мүмкіндік беретін «Еңбек цифрлық экосистемінің» негізгі құралдары ұсынылды.

ЕМО басшылары жұмыспен қамту саласының ақпараттық жүйелерін пайдалану және «Еңбек цифрлық экосистемі» платформаларымен (Enbek.kz электрондық еңбек биржасы, Business.Enbek гранттарға онлайн-өтінімдерді қарау порталы, Hr.Enbek еңбек ресурстары порталы, Skills.Enbek онлайн-курстарының маркетингісі және т.б.) жұмыс істеу бойынша теориялық және практикалық дағдылар туралы хабардар болды.

«Семинарға қатысушыларға өңірлік деңгейде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, әрі болжау жүргізудің негізгі ерекшеліктері үйретіліп, жаңа Ұлттық біліктілік жүйесі мен Career.Enbek цифрлық платформасын енгізу перспективалары туралы негізгі ақпарат берілді», – деді министрліктің Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Асқар Ниязов.

Естеріңізге сала кетейік, биылғы 1 шілдеде елімізде еңбек мобильділігі орталықтары құрылған болатын. Олардың негізгі міндеті – облыстың немесе республикалық маңызы бар қаланың еңбек нарығын үйлестіру.

■ МӘСЛИХАТ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаевамен бірге осы ауданның құрылыс жобаларымен және жаңа бастамалар барысымен танысты.

Аудандағы су тапшылығы жаз сайын проблемаға айналып жүр. Сондықтан сумен жабдықтау мәселесін шешу үшін «Қарғалы» сүзгі станциясының құрылысы жүргізілуде. Ол «Қарағайлы», «Құрамыс», «Тастыбұлақ», «Таусамалы» (70 мың тұрғын) ықшамаудандары тұрғындарын сумен үздіксіз қамтамасыз ететін болады.

Депутаттар Мейіржан Отыншиев, Жалынбек Жайнарбай, Бейбіт Аспенбетов, Болат Ибрагимұлы, Бақытбек Жұмабаев бірінші кезекте «Қарғалы» су дайындау станциясының құрылысы мен учаскесін қарап шықты. Құрылыс-монтаж жұмыстарын биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Алайда, толық жұмыс істеу мен тазарту жұмыстарын жүргізу үшін жалпы ұзындығы 8 км болатын кәріз коллекторын салу қажет. Осылайша су көлемінің тәулігіне 15 000 текше метрге артуы күтілуде. Бүгінде меморандум аясында кәріз коллекторының жобасы әзірленді.

Бұдан кейін депутаттар инженерлік желілер құрылысының барысымен танысты. Желілердің көпшілігі 70-жылдары салынған, 70%-ы тозған. Өткізу қабілеті судың үздіксіз жеткізілуіне толық мүмкіндік бермейді. Жалпы, ауданның инженерлік желілерін дамыту бағдарламасы 8 ықшамауданда 150 км су құбыры және 75 км кәріз желілерін салуды қамтиды. Жұмыстар 5 ықшамауданда аяқталды, қалған 3-еуінде («Ақжар», «Шұғыла», «Таусамалы») жалғасуда. 130 км су құбыры және 65 км кәріз желілері салынды. Бекешев, Өбдіқалықов және Төлебеков көшелеріндегі аяқталмаған учаскелермен проблемалар бюджетті түзету арқылы шешілетін болады, қазір мәселе бюджет комиссиясының қарауында.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы – әр ауданның тұрғындары арасында оң пікірге ие болған маңызды бастама. Жол мен балалар, ойын және спорт алаңының құрылысын да халық қалаушылары қарап шықты. Жалпы, бағдарлама аясында Наурызбай ауданында 67 жобаны іске асыру жоспарланған.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР
САЛАЛАРҒА БАСА МӘН БЕРІЛЕДІ

Жыл басынан бері елімізде сыбайлас жемқорлыққа қатысты 1000-ға жуық қылмыс тіркеліп, 700-ден астам адам әшкереленді

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Президентке елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің есебі берілді.

Мемлекет басшысына ведомствонның жұмысында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға баса назар аударылғаны баяндалды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сырттан талдау жүргізу кезінде жерді бөлу және Алматының қала құрылысын дамыту ісін жоспарлау барысында жиі қайталанатын заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталды.

Сонымен қатар, кездесуде Мемлекет басшысына білім беру саласындағы бюджеттік өтінімдерді әзірлеу тетіктерінің жетілдірілмегеніне, қызметкерлерді бір орталықтан есепке алудың болмауына және қаржы жымқыруға әкеп соқтырған бухгалтерлік жүйелердің қазынашылықтағы деректер база-

сымен біріктірілуіне байланысты тәуекелдер анықталғаны жөнінде ақпарат берілді. Президент бұл саладағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу маңызды екенін және процестерді цифрландыру қажеттігін ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы 6 айда 130 нысанға талдау және мониторинг жүргізілгені, жемқорлықты жоюға қатысты 1000-нан астам ұсыныс енгізілгені туралы мәлімет берілді.

Кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін әкімшілік тосқауылдарды жою үшін «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру ісі жалғасады. Бұл бастама қолға алынған сәттен бері 21 мың бизнес субъектісіне көмек көрсетілді, 400-ден астам түйткілді кейс шешімін тапты.

Бұдан бөлек, Асхат Жұмағали

Қасым-Жомарт Тоқаевқа сыбайлас жемқорлыққа қатысты бірқатар заң бұзушылықтың, соның ішінде олигополия өкілдері жасаған заңсыз әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ келтірілген шығындарды өтеу және активтерді қайтару іс-шаралары туралы баяндады.

Жыл басынан бері елімізде сыбайлас жемқорлыққа қатысты 1000-ға жуық қылмыс тіркелді, 700-ден астам адам әшкереленді, оның 98-і түрлі деңгейдегі басшылар. Сотқа дейінгі аяқталған тергеу амалдарының нәтижесі бойынша 232,6 миллиард теңге өтелді. Жалпы, 1,5 жылда бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шамамен 860 миллиард теңге көлемінде мүлктік активтер мен ақшалай қаражат қайтарылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, әсіресе әлеуметтік маңызы бар салаларға баса мән беруді тапсырды. Сондай-ақ, алдын алу іс-шараларының аса маңызды екенін айтты.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

■ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕР
уақытша тіркеу басталды

Елімізде 17 шілдеден бастап бұрын есептен шығарылмаған немесе шектеуге байланысты заңдастырылмаған шетелдік көліктерді уақытша тіркеу басталды. Бұл туралы ПМ ӘПК басқарма бастығы орынбасарының міндетін атқарушы Алтынбек Жамалиев ведомствода өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Ішкі істер министрлігі биыл 17 шілдеден бастап, бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылмаған немесе шектеуге байла-

нысты заңдастырылмаған 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен Қазақстан Республикасына әкелінген автомобильдерге қатысты, 5 жылға уақытша тіркеу жұмысын бастады. Осылайша азаматтарға автомобильдермен туындаған заңды мәселелерді шешу және оларды құқықтық салаға енгізу үшін уақыт беріліп отыр.

– Уақытша тіркеу үшін, көлік құралдарының иелері «уақытша тіркеу» тізіміне автомобильдің VIN-кодын енгізуге өтінішпен, растайтын құжаттармен ПД ӘПБ ПО жүгінуі қажет, – деп атап өтті басқарма бастығы орынбасарының міндетін атқарушы.

Сонымен қатар, ол уәкілетті органның қызметкері «уақытша тіркеу» тізіміне енгізгеннен кейін көлік құралының иесі ЭУП арқылы автомобильді тіркеуге өтінім беретінін алға тартты.

Содан кейін 10 минут ішінде автоматты түрде тексеру жүзеге асырылады. Оң нәтиже болған жағдайда, иесінің жеке кабинетіне сәтті тексеру туралы және Мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктінде көлік құралын ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі. Тексеру пунктінде криминалист қызметкер 15 минут ішінде көлік құралының нөмірлік агрегаттарын салыстырып тексереді. Салыстырып тексеру нәтижелері оң болған кезде көлік иесі электрондық кезек бойынша Мемлекеттік корпорация қызметкеріне автокөлікті тіркеуге құжаттарды тапсыру үшін жолданады.

«Ол жерде мемлекеттік нөмірге – 9660 теңге, мемлекеттік тіркеу құжатына – 4313 теңге және көлік құралын 5 жылға тіркеу, сонымен қатар көрсетілген мерзім өткеннен кейін оны кері әкету туралы міндеттемеге қол қояды», – деді Алтынбек Жамалиев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАЙЫПТАМА

МӘЖІЛІСТЕГІ МӘСЕЛЕ:

«ПАРТИЯСЫЗ» ДЕПУТАТТАР БАСЫМ ТҮСТІ

Басы 1-бетте

Мәжілісте 6 саяси партия фракциядан құралып, депутаттардың жалпы саны 98-ді құрайды. Оларға Amanat, «Ауыл» ХДП, Respublica, «Ақ жол» ХДП, «Қазақстан Халық партиясы» және оппозициялық Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы жатады. Amanat – билеуші партия. Мәжілістегі басым орынды осы партияның депутаттары иеленген. Жалпы 62 орын. 40 депутат партия тізімімен, ал 22-сі өзін-өзі ұсыну арқылы аймақтардағы сайлау округтарынан сайланған. Олардың бәрі де Мәжілістегі бір фракцияның шаңырағының астында топтасқан.

«Ауыл» партиясының атынан 8 депутат сайланған. Respublica мен «Ақ жол» партияларының әрқайсысы 6 орынды иеленіп отыр. «Қазақстан Халық партиясынан» 6 депутат Парламенттің төменгі палатасында. Ал ЖСДП 4 депутатты ұсынған.

Ешқандай саяси фракцияға кірмейтін 7 депутатымыз бар. Оларға Бакытжан Базарбек, Ардақ Назаров, Ермұрат Бапи, Абзал Құспан, Дәулет Мұқаев, Ерлан Стамбеков, Данияр Қасқарауов жатады. Биыл ұзақ жылғы үзілістен кейін мажоритарлы жүйе арқылы сайлау өтті. Бірақ әлі де бұл жүйеге толық өтпедік. Депутаттардың 70%-ы партия тізімімен, ал 30%-ы өзін-өзі ұсыну арқылы сайланды. Осылайша Парламент Мәжілісі аралас сайлау жүйесі арқылы құрылды.

Депутаттар қоғамдағы өзекті мәселелерге Үкіметтен және өзге де мемлекеттік мекемелерден жауап талап етуге құқылы. Оны депутаттық сауал арқылы жүзеге асырады. Олар сауалды жеке өзі, не бірлесіп жолдай алады. Мұнда депутаттарға жол көп. Бір партияластар, не түрлі партиялар бірлесіп сауал қоюға болады.

253 сауалдың бәрін сараптай келе, оларды бір партияның, не жалғыз депутаттың немесе партиялардың бірлесіп жазғанына көзіміз жетті. Бір қызығы, депутаттар бірлесіп сауал жолдағанды жөн көреді екен. Депутаттық сауалдарды жолдаудан «Қазақстан Халық партиясының» мүшесі Ирина Смирнова ешкімге дес бермей келеді. Ол бірінші сессияда 67 сауал жолдаған. Алайда, оның тек 6-ауын ғана өзінің бастамасымен жазған. Бұдан шығатын қорытынды, халық қалаулыларының жұмысын жеке бастамасымен жолдаған сауалдарына қарап бағалаған жөн. Егер бұлай қарайтын болсақ, жағдай мүлдем басқа болады. Мысалы, Бакытжан Базарбекте 12 сауал болса, оның тең жартысын өзінің бастамасымен жолдаған. Оның бастамашылдық көрсеткіші –



50%. Одан кейін Ермұрат Бапи – 42%. Үштікті Абзал Құспан аяқтаған. «Ақ жол» партиясының мүшесі Ержан Бейсенбаев көп сауал жолдағанымен, «аманаттық» Еділ Жаңбыршиннан қалып қойды.

№	Аты-жөні	Жалпы саны	Өз бастамасымен жазғаны	Бастамамен жазған сауалдың үлесі (%)
1.	Бакытжан Базарбек (фракция мүшесі емес)	12	6	50%
2.	Ермұрат Бапи (фракция мүшесі емес)	12	5	42%

3.	Абзал Құспан (фракция мүшесі емес)	17	6	35%
4.	Еділ Жаңбыршин (Amanat)	16	5	32%
5.	Ержан Бейсенбаев («Ақ жол»)	36	10	28%
6.	Мағеррам Мағеррамов (КХП)	28	7	25%

Партиялардың ішінен депутаттардың бастамашылдығы бойынша Amanat алдыңғы орында (23%), одан кейін ЖСДП. Үштікті Respublica аяқтап отыр.

Партиялар	Жалпы саны	Өз бастамасымен жазғаны	Бастамамен жазған сауалдың үлесі (%)
Amanat	528	118	23%
ЖСДП	100	18	18%
Respublica	125	18	15%
Ақ жол	184	23	13%
КХП	228	26	12%
Партиясыздар	92	27	29,30%

Мүлдем сауал жолдамағандар да бар... Депутаттық сауалды 98 депутаттың бәрі жолдаған. Алайда, өз бастамасымен жазбағандары бар. Бұл жағынан Amanat партиясы көш бастап отыр. Олардың 9 депутаты өзі бастап сауал жолдамаған. «Ақ жол» партиясынан бір депутат өз бастамасымен жазбаған. Әйтсе де, Дания Еспаева 32 депутаттық сауалға атсалысқан.



Пердехан ШӘМШИЕВ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Өтеміс ӘБЕНҰЛЫ,
энергетик:

АЛМАТЫ ТҮНІ ЖАРЫҚ БОЛСЫН!



Балаң шақта Өтеміс сан алуан мамандық жайлы армандап, өсе келе энергетик мамандығына тоқталды. Ол барлық сала мен мамандықтың энергетикаға тәуелді, онымен тығыз байланысты екеніне сенімді еді. «Неге бұл мамандықты таңдадың?» дегендерге: «Әрбірден соң адамның күш-қуатының өзі энергия ғой...» деп күлгені бар. Сол күлімсіреген күйі 1978 жылы Алматы энергетикалық институтының студенті атанды.

шинист-қараушы, аға машинист, ауысым бастығы, цех бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. 2012 жылдан бастап осы күнге дейін бас инженердің жөндеу жөніндегі орынбасары болып еңбек етуде.

– Станциядағы алғашқы жұмыс күнім үлкен кәсіпорындағы көптеген жабдықпен, қозғалтқыштың, турбинаның, сорғының гүрілдеген дауысымен есімде қалды, – дейді Ө.Сабырқұлов.

Аталған орталықта 800-ге жуық адам жұмыс істейді. Оның үстіне, энергетикалық институттан, салалық колледжден, сабақтас кәсіптерден көптеген маман келеді. Бұл станциядан шыққан мамандардың бүкіл елімізде елеулі қызметтерді басқарып жүргенін айтқан жөн болар.

– Өтеміс Әбенұлымен 1992 жылы орталықта қазандық цехына машинист-қараушы болып жұмысқа тұрған кезде таныстым. Кейін ол турбина цехының бастығы болып жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында Ө.Әбенұлы өз ісінің кәсіби маманы екеніне көзім жетті. Ол өз ісін жақсы білетін, жұмыста талапшыл адам. Адами қасиетіне келсек, ол – өте мейірімді, көңілді, әрқашан көмек қолын созуға дайын, сөзбен де,

іспен де қолдай білетін азамат, – дейді орталықтың отын-көлік цехының бастығы Кенжебай Байзақов.

Сабырқұлов үшін бастысы – сабыр. Нені болса-дағы сабырға салып, ақылмен шешеді. Жұмыстағы басты міндет – өз жұмысы үшін жауапкершілік, адальдық, ешқашан мұнымен тоқтап қалмау қажет, өзінің кәсіби деңгейін арттыру. «Мен слесарьдан бас инженердің орынбасарына дейін өттім. Өзімнен кейін жұмыс істейтін лайықты кадрлар дайындадым. ҚР еңбек сіңірген энергетигі атандым. Менің кәсіби арманым – апатсыз жұмыс істеу, адамдардың қауіпсіздігі. Энергетика саласында өз ісіне адал азаматтардың көп болғаны».

Сабырқұловтың жұмыс күні станцияны тегіс айналып өтіп, тиянақты тексеруден басталады. Содан соң станцияның бас инженерінде күнделікті таңғы жиналыс жүргізіледі. Соған тыңғылықты әзірленеді. Маңызды басқосуда станция жабдықтарын жөндеу мен пайдалану жөніндегі ағымдағы істер талқыға салынады. Өтеміс тапсырмаға әрқазір. Өйткені, оның қолында бәрі жоспарланып, жазылған.

– Қазір жаңа технология мен гаджеттің заманы. Әлбетте, жұмыстың бәрі уақытпен қатар жүру керек. Ақпарат ғасырында өркендеу үшін дағдыны дамыту қажет. Бұл ретте тек тәлімгер ғана емес, жастардан үйренетінім көп, – деп өз ойын бөлісті

Өтеміс Сабырқұлов. – Мен турбина цехында жұмыс істеген кезімде жас мамандарды қабылдау, олардың жетістігін, өсіп-жетілуін үйрету мен көру қызықты болды. Тәлімгер ретінде 30 жылдан астам уақыт жұмыс істедім.

90-жылдардың аяғында жалақы азық-түлікпен берілетін уақыт болғаны бар. Турбина цехы бастығының орынбасары кезі. Кадрлардың ауысуы басталып, адамдар жалақысы жоғары жұмыстарға кете бастаған. Сол кезде құрылыс саласы сұранысқа ие болатын. Жылыту маусымына дейін бүкіл вахта, 15-16 адам кетті. Жағдай өте қиын болды. Асып-сасатын кез бе, Сабырқұлов білек сыбана жүріп, тәжірибесіз жастарды тезірек жинап, оқытып, үйретіп, жылу беру маусымына дайындықты сәтті өткізуге себін тигізді.

Ол ешуақытта «өзімбілемдікке» салынбады, әркез ізденіс үстінде жүреді. Жаңа жабдықтарды енгізу әрдайым оған жаңа тәжірибе әкелді. Содан да болар, әріптестері Өтеміс Әбенұлын өте жауапты қызметкер деп біледі. Түн ортасы не демалыс күні болса да, қалада болса, маңызды жұмыс мәселесін шешуге станцияға келетіні бар.

Өтеміс Сабырқұловқа Алматы кеші айрықша ұнайды. Шаһар түнінде жарық болғаны керемет. Бұл «біздің ұжымның еңбегі» деп мақтан етеді. Оның өмірлік қағидаты да ғажап. «Қандай күй кешсең де, өмірдің аты – өмір. Өмірдің әрбір күні мәнді. Сәтсіз күн болуы мүмкін, оған қарап өмірдің мәнін жоғалтудың жөні жоқ. Алматы түні жарық болсын!» дейді ол. Оның өмір жайлы тебіренісі адамдардың амандығын ойлаудан туған. Өтеміс Әбенұлының балалары да әкесінің кәсібін мақтан тұғады.

Ө.Сабырқұлов осы бір күрделі кәсіптен таяуда зейнетке шықса да, еңбектен, өзінің сүйікті кәсіпорнынан қол үзген жоқ. Өтеміс бар тілегі: шаһарды жылумен, энергиямен қамтамасыз етіп отырған мекемедегі әріптестерінің апатсыз, үздіксіз жұмыс істеуі. Ләйім солай болсын.



Айнабай
МӘДИ



ТАЗА ҚАЛА

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

қоқыс сұрыптаудан басталады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы аулаларында пластикалық бөтелкелер мен алюминий банкарларды жинауға арналған торлы контейнерлер пайда болды.

Егер қоқыс сұрыпталмай бірден полигонға көмілсе, жер астында шірімей жүздеген жыл бойы жатуы мүмкін. Мұндай тұрмыстық қалдықтардың экологиялық ахуалға тигізетін зияны көп. Қоқысты түрлеріне қарай сұрыптап жинау – экологиялық тұрғыдан да өте тиімді. Десек те, бүгінде қоқысты кәдеге жаратып, одан әжептәуір пайда тауып отырған елдер көп. Мәселен, Швецияда тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мен оны электр қуатына айналдыру жүйесінің дамығаны соншалық, қоқысқа қалдықтардың 4%-ы ғана жіберіледі екен. Ал Германия азаматтары кемтігі бар контейнерге тасталған қоқыс үшін 30 еуродан бастап, ал істен шыққан техниканы аулаға

шығарғаны үшін 2500 еуроға дейін айыппұл төлейді. Бүгінде елдегі барлық қоқыстардың 80%-ы электр энергиясын алу үшін қайта өңделеді.

Алматыда қоқысты сұрыптау мен қайта өңдеуді дамытып, тұрғындар арасында тұрмыс қалдықтарын қоқысқа түріне қарай ажыратып тастау дағдысын қалыптастыруға күш салынып жатыр.

«Жасыл аула» жобасы аясында қоқыстарды сұрыптап тастау жұмыстары Алматының Алмалы ауданында бастау алды. Қазіргі таңда бес негізгі аулаға қайта өңделген материалдарды бөлек жинауға арналған жаңартылған торлар қойылды.

«Жасыл аула» жобасының мақсаты – қалдықтарды бөлек жинау, экологиялық мәдениетті сақтау және тұрғындармен белсенді байланыс орнату.

Жоба Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының және «Жасыл Алматы» жобалық кеңсесінің бастама-сымен Алматы қаласын дамытудың Жол картасы аясында жүзеге асуда. Жобаға «EN Social» қоғамдық қоры және ECO Network қолдау көрсетіп отыр.

Жоба аясында алғашқылардың бірі болып Құрманғазы көшесі, 58; Желтоқсан көшесі, 166; Чайковский көшесі, 25; Мақа-

Сіз білесіз бе?

Дүние жүзіндегі жағажай қоқыстарының 73 пайызы пластиктен тұрады.

таев көшесі, 130; Шағабутдинов көшесі, 45 мекенжайларындағы аулалар қамтылды.

«Жасыл Алматы» экология бағыты бойынша жобалық кеңсесінің басшысы Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, мұндай торлы контейнерлер бұрын қоқыс алаңдарына қойылған.

– Өкінішке қарай, олардың барлығы қоқыс алаңына айналды, тұрғындар басқа заттарды да тастаған. Өйткені, адамдарға бұл контейнерлердің не үшін қажет екенін ешкім түсіндірген жоқ. Енді біз бұл жобаны қайтадан қолға алып жатырмыз және контейнерлер не үшін арналғаны туралы ақпарат орнаттық. Алматылықтарды пластикке арналған контейнерге тек пластикалық бөтелкелерді, ал басқа контейнерге – энергетикалық және басқа да сусындардан қалайы банкарларды салуға шақырамыз», – деді кеңсе басшысы.

Ол Түркістанда пластикалық бөтелкелер қайта өңделетінін айтты. Содан олар мәйкі, кофта, жастық, ауыл шаруашылығы мен жол құрылысына арналған жабындар шығарады. Алюминий банкарлар да қайта өңделеді. Мысалы, Қарағандыда осындай банкарлардан қазандар шығаратын «Қазв-торчермет» зауыты бар.

Экология жанашырлары бізде тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мәдениеті әлі дамымағанын айтады. Қаламызда арнайы жәшіктер орнатылып жатыр. Қажетті инфрақұрылым да бар. Тұрғындар бар болғаны қоқысты түрлі-түсті контейнерлерге бөліп салса жетіп жатыр дейді олар.

Айта кетейік, қайта өңдеуге арналған контейнерлер уақыт өте келе мегаполистің басқа аудандарында да пайда болады, деп хабарлады Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Егер сіз өзіңіздің аулаңызда осындай контейнер қойылғанын қаласаңыз, өтінімді мына нөмір бойынша қалдыра аласыз: +7 771 765 59 99 (WhatsApp).

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТӨТЕНШЕЛІКТЕР САҚ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ

Алматыда 24–26 шілде аралығында жоғары өрт қаупі сақталады



«Қазгидромет» кәсіпорнының мәліметінше, 24–26 шілде аралығында Алматыда сынап бағанасы 35–38 градусқа дейін көтеріледі. Күн қатты ыстық болуы ықтимал.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қалада өрт қаупі сақталатынын мәлімдеді. Осыған байланысты ведомство төмендегі қауіпсіздік шараларын сақтауды ұсынады:

- Тауға демалуға барған жағдайда тұтанған темекі қалдықтарын тастамаңыз;
- Бір желіге бірнеше электр құрылғыны қоспаңыз, өйткені электр желісінің шамадан тыс жүктелуі қысқа тұйықталуға және өртке әкелуі мүмкін;
- Балаларды көліктің ішіне аз уақытқа болса да қалдыруға болмайды;

– Күн сәулесі тікелей түсетін жерлерде мүмкіндігінше аз болуға тырысыңыз.

Өрт қауіпті кезеңде Алматы қаласы ТЖД алдын алу шараларын күшейтті.

«Таулы орманды жерлерде өрттің алдын алу мақсатында бекітілген патрульдеу кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндері орман шаруашылығы мекемелері мен ЖПҚ өкілдерімен бірлескен рейдтік іс-шара өткізеді», деп хабарлады Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



ЖАЛҒАН ДОЛЛАР ЖАРҒА ЖЫҚТЫ

Агенттіктің Алматы қаласы бойынша департаменті жалған ақшаны сақтау және сатуға әрекет жасау фактісі бойынша тергеу шараларын бастады. Көлік құралын тексеру барысында ұсталғандардың бірінен үш дана жасанды 100 АҚШ доллары табылған.

«Зерттеуге ұсынылған 2006 және 2017 жылғы үлгідегі жалпы сомасы 20 600 АҚШ долларын құрайтын банкноттар АҚШ федералдық резервтік банкі шығарған банкноттарға сәйкес келмейді», – дейді агенттік мамандары.

Қазіргі кезде сотқа дейінгі тергеу шаралары жүргізіліп жатыр. Күдіктілер қамауға алынды.

Ведомство еске салып өткендей, ҚР Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына және ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, күдіктілердің кінәсі дәлелденіп, сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін олар кінәсіз болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы қаласында жалған долларға криптовалюта сатып алғысы келген бір топ адам ұсталды. Бұл туралы Қаржылық мониторинг агенттігі хабарлады.

ЭЛЕКТРОНДЫ КӨЛІК



САМОКАТҚА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ШЫҚТЫ

Елімізде шағын электр көлігі құралдары мен самокаттарды пайдалану ережесі бекітілді. Жаңа заң 30 тамыздан бастап күшіне енеді.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қазір қалалық жерлердің барлығында самокат, скутер, т.с.с. альтернативті көліктер жүйткіп жүр. Алайда, олардан келетін зиян көп. Жыл басынан бері электр самокат, велосипед, мопед жүргізушілерінің қатысуымен көлік оқиғалары орын алуда. Енді бұл жөнсіздікте тосқауыл бар. Шағын көлік құралын тізгіндеген жандар жол ережесін бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Бұдан былай самокат тізгіндегіндер нені ескеруге тиіс?

Енді мопед айдасаңыз да, самокат тізгіндесеңіз де, арнайы бас киім мен басқа да қорғаныш киімдерін кию міндетті. Әсіресе, самокатпен жүрген кезде жылдамдықты қадағалап, жол ережесін сақтау қажет. Бұдан былай 18 жасқа толмаған азаматтарға және кез келген санаттағы жүргізуші куәлігінсіз самокатпен жүруге заңмен тыйым салынады.

Электр самокат жүргізушілеріне жол жиегімен шектеусіз жүруге, жаяу жүргіншілерге қауіп төндірмей, сағатына 6 шақырымнан аспайтын жылдамдықпен тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруге рұқсат етіледі. Электр самокат жүргізушілері жүк тасымалдау ережелерін де бұзбауы тиіс.

СПОРТ

ДЕНЕ МЕН РУХ КҮШІ

Мегаполисте каратэден Азия чемпионаты өтті

Шаһарымызда алғаш рет кумите тәртібімен жасөспірімдер мен жастар (ұл-қыздар) арасында шинкиокушинкай каратэден Азия чемпионаты өтті.



**Айнабай
МӘДИ**



«SADU Arena» спорт кешенінде үш күн бойы өткен халықаралық жарысқа 15 елден, соның ішінде Әзербайжан, Үндістан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркия, Тайландтан 12 мен 21 жас аралығындағы 300 спортшы қатысты. Мұндай беделді спорттық іс-шараны өткізуге Қазақстанның таңдалуы кездейсоқ емес. Соңғы жылдары біздің спортшылар каратэнің осы түрінен ірі халықаралық жарыстарда тамаша нәтиже көрсетіп келеді.

– Қазақстанның шинкиокушинкай каратэден Азия чемпионаты өтетін орынға айналуы – біздің федерация үшін үлкен жетістік. Біздің спортшылар әлемдік аренада жетекші орынды иеленеді. Енді бұл олардың алдағы жарыстарда өз елін лайықты танытуы үшін одан да үлкен ынталандыру болады, – деді ҚР Шинкиокушинкай каратэ федерациясының атқарушы директоры Жанболат Тоқсанбаев.

Осы чемпионатқа қатысуға іріктеу барысында еліміздің үздіктерінің үздігі өтті десе болады. Республикалық және халықаралық турнир жеңімпаздары аренаға шығу құқығына ие болды. Чемпионатқа қатысушылар қатарында жерлесіміз Амангелді Ислам да бар. Ол жеті жылдан бері каратэмен айналысады. Бүгінде жасыл белбеу иегері.

«Каратэ – мен үшін бұл жай спорт емес, өмірімнің бір бөлігі. Осындай

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

АЛМАТЫДА «АЗИЯ ДАУЫСЫ» ӨТЕДІ

Келесі аптада Алматыда 20 жыл бойы көптен күткен оқиға орын алмақ, «Медеу» мұз айдынының тарихи аренасында аты аңызға айналған «Азия дауысы» фестивалінің фанфары қайта шырқалып, үш күндік мереке өтеді.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Бұл фестиваль бұрынғыдан өзгеше. Дәстүрлі халықаралық орындаушылар байқауы болмайды. Бұл – жаңғыру концерті. Байқаудың үш күні тақырыптық мағынасына қарай бөлініп тасталынды.

Фестивальдің ашылуы мен бірінші күніне Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша 30 жасқа дейінгі таланттар рейтингінің қатысушысы Азат Әбікен басқаратын Green Case Event компаниясы жауапты болады. Қазақ өнерінің аңызы Бибігүл Төлегенова бірінші болып сахнаға көтеріледі. Одан кейін халық алдында заманауи қазақ эстрадасының белді әртістері – Молданазар, RaiM, Ерке Есмахан, V\$XV PRINCE, Мирас Жүгінісов, Мархаба Сәби, ORYNKHAN, Ирина Кайратовна, ZAQ сынды өнерпаздар шықпақ.

Бірінші күн аса айрықша болмақ. Себебі, біз қызыл кілемі төселген ашылу салтанатын, аты аңызға айналған A-Studio тобының мюзиклінің түсірілімін көреміз. Бірінші күнгі концерт таңқаларлық дрон шоуымен аяқталады.

Фестивальдің екінші күні – сахнада BLACK EYED PEAS! Will.I.Am, Taboo және arl.de.ar көрермендер алдына әлемді таңқалдыратын хиттерімен шығады. Олардың энергиясы Медеуді жаратыны сөзсіз.

Фестивальдің үшінші және соңғы күні аңыздар мен ұрпақтар сабақтастығы идеясын қозғайды. Орталық Азия жұлдыздары – Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Жәмила Серкебаева, Еркеш Шәкеев, Медеу Арынбаев, Ерлан Көкеев, Әділ Чекилов, Парвиз Назаров, Жылдыз Осмоналиева, Бауыржан Исаев, «Дара» тобы өнер көрсетпек. Ал Әділ Чекилов пен Парвиз Назаров, Нағима Есқалиева мен Диас Абылаев, Роза Рымбаева екі ұлы Мәди Рымбаев пен Әли Оқаповпен бірге дуэт құрмақ!

Маусым айында Алматы қаласында өткен «Жас қанат» байқауының жеңімпаздары ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың белгісі болмақ. Бір сөзбен айтқанда,



«Жас қанат» байқауын көрме-сеңіз, «Азия дауысы» фестивалінің арқасында оның үздік қатысушыларымен танысуға тамаша мүмкіндік бар. Ал үшінші күннің басты хедлайнерлері – Ялла және Secret Service топтары. Сондай-ақ, концерттің үшінші күні көрермендерге тағы бір тосын сый ұсынылмақ. 30 шілдеде өтетін концертке билет алғандардың арасында Chevrolet Onix көлігі ойнатылады. Allur Auto ұсынған бұл ұтыс ойыны фестивальге келушілерге таңғажайып эмоцияларды бастан кешіріп, автокөлік ұтып алу мүмкіндігін сыйлайды.

Алматы қаласының әкімдігі көрермендердің Медеуге оңай жетіп, қалаға қиналмай оралуын қамтамасыз етеді. Сондықтан фестиваль кезінде қосымша автобус бағыты іске қосылады. Сәтбаев пен Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан автобустар сағат 14.00-ден 24.00-ге дейін 10–15 минут аралықпен жүретін болады. Бір бағытқа «Оңай» картасынсыз, жол жүру құны – 150 теңге. Сонымен қатар, барлық келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция, өрт сөндіру және жедел жәрдем қызметі күшейтіледі.

«Азия дауысы» фестиваліне «Alatau Aqparat» медиахолдингінің құрамына кіретін «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттері мен сайттары ақпараттық қолдау көрсететін болады.



деңгейдегі чемпионатқа бірінші рет қатысып отырмын. Бұл мен үшін үлкен мәртебе. Күндердің күнінде әлем чемпионы болатыныма сенемін. Әзірге тыңғылықты дайындалып, мақсатыма сенімді қадам басуға әзірмін, – дейді 12 жасар спортшы.

«Жыл сайын бұл спорт түрі белсенді дамып, жастардың қызығушылығын арттырып келеді. Бұл – өскелең ұрпақтың спорттық тәрбиесі ғана емес, сонымен қатар тәртіптің, дене мен рухтың күші. Бұл жай ғана спорт емес, құрметке ие, ережені сақтауға, ұстамдылыққа негізделген тұтас философия», – деп сөзін қорытындылады ҚР Шинкиокушинкай каратэ федерациясының президенті Болат Бақтаев.

КЕРЕК ДЕРЕК

Чемпионат аясында белгілі бір жас пен салмақ санаты бойынша барлығы 55-тен астам жүлде сарапқа салынды.

Шинкиокушинкай каратэден Азия чемпионатының алматылық жеңімпаздары: Әмірхан Ерғеш (12-13 жас, 45 келіге дейін), Елхан Дәулетбек (14-15 жас, 65 келіге дейін), Михаил Бабаев (16-17 жас, 75 келіге дейін), Артем Артёменко (18-21 жас, 70 келіге дейін), Мухамедхади Ростами (18-21 жас, 85 келіге дейін), Рустам Авзалов (18-21 жас, абс), Зере Каримова (18-21 жас, 60 келіге дейін), Карина Колганова (18-21 жас, 65 келіге дейін).



ФОРУМ



ТУРИЗМ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

I халықаралық медиа және туризм форумы болып өтті

«Туризм – валюта генераторы» деген сөз бар. Онда триллиондаған АҚШ доллары айналып жатыр. Айталық, жаһандық индетке дейін бұл саланың жалпы құны 9 триллион долларға бағаланып, тұтас әлем ЖІӨ-нің 10,4 пайызын ұстаған. Орташа есеппен, халықаралық сауданың 7 пайызы, қызмет көрсету экспортының 25 пайызы туризмге тиесілі. Әлем елдеріндегі әр оныншы жұмыс орны да осы саладан ашылады. COVID-19 індеті туризмді ауыр соққымен ойсыратып кетті, сонда да, былтырдан бері қайта қарқын алды. 2022 жылы туризм саласының жалпы табысы 1 трлн долларға жетіп, пандемиядан кейінгі алғашқы рекордты орнатты. Мұндай табысты нарықтан Қазақстан да өз үлесін алуы тиіс. 21–23 шілде аралығында Алматы облысында өткен I Халықаралық Медиа және туризм форумының түпкі мақсаты да осы болатын.

Әуелі, медиа мен туризмді ту еткен шараны Түркітілдес журналистер қоры ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, Мәдениет және спорт министрлігінің, тікелей Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен өткізгенін айта кетейік. Іс-шараға сонау ағылшын жерінен тартып Молдоваға дейінгі Еуропаның 8 елінен, көршілес ағайын өзбек пен қырғыздан, бауырлас Әзербайжан мен Түркиядан, сондай-ақ, еліміздің әр өңірінен 150-ден астам БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шараның ауқымын осыдан-ақ білуге болады. Алғаш рет өткізіліп отырған Медиа және туризм форумы: пресс-тур, 4 сессиядан тұратын форум отырыстары мен Қонаев қаласындағы туристік іс-шараларға қатысу сынды үш үлкен мазмұннан тұрды.

«ЕГИПЕТТЕН ЕУРОПАҒА КЕЛГЕНДЕЙ БОЛДЫҚ...»

Іс-шараның шымылдығы Шарын шатқалы мен Көлсай бағытындағы пресс-турмен ашылды. 150-ге тарта отандық және шетелдік БАҚ өкілдері отырған көлік колоннасы Алматыдан шығып, Ұлы Жібек жолының бойымен Шарын шатқалына түс әлетінде жетті. Миллиондаған жылдық табиғи үрдіс қалыптастырған шатқалдың ғажайып түзілісі алғаш келушілердің аузын аштырғаны анық. Шатқал жолымен саяхатшыларды өрлей-құлдай тасып жүрген екі «Уаз» көлігінде тыным жоқ. Топтың бір бөлігі сай тағанындағы Шарын өзеніне дейін бірнеше шақырым жаяу түсті. Шатқал жолынан құрлық асып келген саяхатшылар да кездеседі.

Шарын – әлемдегі екінші үлкен шатқал, әрі Қазақстанның табиғи брендтерінің бірі. Бұрнағы жылдағыларға қарағанда туристік нысанға аз да болса бұл нысан да кірген. Шатқал жолының әр тұсынан саяхатшылар көлеңкелеп демалатын, су ішіп әлденетін, кейде жауыннан тасаланатын күнқағарлар салыныпты. Шатқал жартастарының түсіне ұқсатып жасаған күнқағарлар табиғи көрінеді. Бірақ жолдан қаталап жеткен туриске су табылмайды. Орнатылған су шүмектері қаңсып бос тұр, оған суды қайдан, қалай жеткізетіні тағы белгісіз. Журналистер тобы сай тағанына жиналып, аптапқа ұрылған жүздерін Шарынның салқын суына шайып, сонда түстенді. Артынша көп бөгелмей екінші аялдамаға – әйгілі Көлсай көліне ат басын бұрды.

Туристік топты Шарын қапырық ыстығымен аттандырса, Көлсай жолы Жалаңаштан өте жауынмен қарсы алды. Бірер сағат бұрын ғана Сахараның аптабынан шыққандай бол-

ған саяхатшылар Альпінің ақ жауынына жолыққандай болды. Көлсай етегінде кофегейрек Германиядан келген қонақ Алипаша Ақбаш: «Египеттен шығып, бір жарым сағатта Еуропаға келгендей болдық қой», – дейді Қазақстандағы климаттық айырмашылыққа таңданып.

МҮМКІНДІГІ КӨП САЛА

Көлсайдан күн батырып шыққан көлік тізбегі Қонаевтағы қоналқыға түн ортасы ауа жетті. Ертесі іс-шараның негізгі бөлігі I Халықаралық медиа және туризм форумы өтті. Форумның ашылуында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев және Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы туризм саласының әл экономикасына берерінің мол екенін, сондай-ақ туризмді дамытудағы медианың маңызы жайында сөз етті.

Ақпарат және даму министрі Д.Қыдырәлі бір өңірдегі туризмді дамыту үшін өңірлік мифтердің айрықша рөлін атай келіп, кезекті іс-шараның Іле жағасында өтіп жатуының тарихи мәні бар деген ойын ортаға салды. «Іленің ұлт мәдениеті тарихында маңызы айрықша. Бүгінгі шараның Іле жағасында өткені де тарих сәйкестік деуге болады. Көнеше жыл санаудың шығу тегі жайындағы аңызда, ертеде осы өңірде бір қаған елеулі оқиғалардың жылдарын ұмытпау үшін күнтізбе жасауды уәзірлерімен ақылдасады. Жануарларды Іле дариясынан өткізіп, алдымен келгендеріне қарай жылдарға ретімен атын беріпті деп келеді. Өңірдің туризмін дамытуда ұлттық фольклордағы мұндай детальдарды тиімді пайдалануды ұсынар едім», – деді министр сөзінде.

Форумның ашылу салтанатынан кейін облыс басшысы мен министрлер шетелдік журналистер тобымен кездесу өткізді. Онда туристерді және инвесторларды тарту мәселесі қарастырылды.

«Қазақстандағы туризм: Даму келешегі мен мүмкіндіктер» деп аталатын алғашқы сессия отырыстарының тізгінін «Alatau Aqparat» медиа-холдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы ұстады. Онда Түркия Туризм министрлігінің кеңесшісі Алпарслан Ақынжы мырза мен Өзбекстан Туризм министрлігі PR департаментінің директоры Лола Рахманбаева ханым өз елдеріндегі сала бойынша даму үрдістері мен тәжірибелерді ұсынды. Ал «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Талғат Аманбаев еліміздегі туризм саласының жалпы жағдайы мен мүмкіндіктерін, даму бағдарламаларын таныстырды.

Бұдан кейін форумның «Медиа, PR және туризм индустриясы» атты екінші отырысы өтті. Молдова мемлекеттік телеар-

насының директоры Людмила Барба ханым бейне-роликтердің шетелдік туристерді тартудағы маңызы туралы тамаша мысалдар келтірді. Молдованың ұлттық арналары жасаған бұндай тәжірибелер аз қаржымен көп туристерді елге келуге ынталандыра алғанын әңгімелейді. Бұл еліміздегі туризм саласының дамуында ескерусіз қалып жатқан тәжірибенің бірі. Айталық, Алтай мен Арқаның, Маңғыстаудың, Жетісудың көркем көріністерін, ондағы туристік нысандарға шетелдік туристер тартуға бағытталған жарнамалық роликтерді көрмейміз. Үндістан мен Түркия, Мысыр мен Дубайда өздерінің ұлттық брендтеріне айналған нысандарды керемет мазмұнды бейне-роликтер арқылы таныстырып, кең көлемде насихаттап жатады. Молдова ұлттық арналары таратқан бейне-роликтердің бірінде Голливуд актері Брэд Питтке ұқсайтын жергілікті әртісті бас кейіпкер еткен. Кейін Молдованың туризм саласына осы бір роликтің үлесі айрықша болған.

Осы отырыс аясында Франциядағы Media France-тің директоры Али Гедикоглы Қазақстанның көршілес және тұтас түркі елдерімен бірлесе отырып, діни туризмді дамытуға зор мүмкіндіктерінің бар екенін ортаға салды. Расында, туризмнің үлкен бір саласы діни туризм үшін Қазақстанда Ахмет Ясауи, Арыстан баб кесенелері, Бекет ата мешіті секілді керемет нысандар бар. Бұларды бауырлас түркі елдері мен ортақ діндегі ислам елдеріне насихаттау арқылы туризмнің үлкен бір арнасын қалыптастыруға зор мүмкіндіктеріміз бар.

Бұған қоса, екінші сессия отырысында Әзербайжан мемлекеттік телеарнасы, Жаңалықтар бөлімінің директоры Аида Эйвазова ханым мен Түркияның Avrasya Spor Medya-ның директоры Ахмет Түзүн мырза түркі елдерінде ортақ туризм кеңістігін қалыптастыру турасындағы ойларымен бөлісті. Ахмет Түзүн мырза спорт туризмінің табыстылығы жайында жанды мысалдарды келтіре келе, Дүние жүзі көшпелілер ойынын болашақта кеңейте отырып, спорт туризмінің ірі жобасына айналдыруға болатынын алға тартты.

Форумның соңғы сессиясында «СИНТЕТИКАЛЫҚ МЕДИА: Контент қалыптастырудағы нейрожүйе» тақырыбы көтерілді. Британиядан келген Avrupa Media Group құрылтайшысы әрі редакторы Ватан Өз бен Кирениядан келген America Global Carrier Institute директоры Орхан Аннахгазада шетелдегі журналистика саласына жасанды

жан Әуелхан, Айдын Мәулытхан қатарлы азаматтар жаңа технология саласындағы үрдістер туралы тәжірибелік бағыттағы презентацияларымен бөлісті.

ІЛЕНІң ЖАҒАСЫ, АЛАТАУДЫҢ САҒАСЫ ТУРИЗМДІ ДАМУТҮҒА СҰРАНЫП ТҮР

Облыс басшысы Марат Елеусізұлы форумның өңірдегі туризм саласының дамуына үлкен ықпалы болады деп үміттенеді. Іс-шара барысында отандық БАҚ өкілдеріне берген пікірінде ол: «Өңірдегі осы саланы дамытуда бұл форумнан күтеріміз көп, жақсы әсері болады деп күтеміз. Облыс орталығы бір жылдан аса Қонаев қаласында жұмыс істеп жатыр. Өңірдің туризм саласындағы әлеуеті жоғары. Түркітілдес журналистер қоры осы тақырыптағы форум өткізуді ұсынған кезде бірден қолдады. Форум аясында шетелдік журналистерден көп ұсыныс түсті, үмітіміз зор, туризмді бірлесіп дамытсақ дейміз», – деді. Шетелдік журналистермен кездесу кезінде оларға облыстың аталған саланы дамыту бойынша жоспарын таныстырып, туристер мен инвесторлар тартуды көздеп отырғанын да жеткізді.

Алматы облысы туризмді басты дамыту бағытының бірі етіп келеді. Бұрынғы Қапшағай, қазіргі Қонаев қаласы әр демалыс күндері 40 мыңнан аса туристі қабылдап отыр. Қонаев қаласында 10 мың адамдық қонақүй мен түселдердің оларды толық алып қалуға мүмкіндігі жоқ екенін де мойындады. Дегенмен, өңір туристерді былтырғыға қарағанда 23 пайызға көбірек қабылдаған.

Медиа мен туризмді тақырып еткен бірінші халықаралық форумның Алматы облысында өтуінің де өз мәні бар. Облыс туризм саласында өзге өңірлерге қарағанда үлкен артықшылыққа ие. Себебі, Алматы сынды ірі мегаполиспен шектесіп жатқан облыс – шетелдік туристер үшін еліміздегі алғашқы аялдама. Бұл әуе және құрлықтағы көлік-логистикасының жағдайына да байланысты. Алтай мен Атырау арасында, өзге де қазақ жерлерінде ішкі және сыртқы туризмде елімізге үлкен табыс әкелетін эко-туризм нысандары жетерлік. Бірақ соның бәрінде инфрақұрылымдық мүмкіндік бірдей емес. Бұның өзі саладағы ең алдымен қолға алатын мәселе екенін көрсетіп отыр.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ҚҰЛАТАДЫ

Жастар арасында теріс әрекетке тәуелділік белең алып барады

Бүгінде құмар ойынға шарпылмаған, басы байланбаған адам қалмай барады. Статистика бойынша 3/2 адам мұны өмірінде бір рет болсын ойнап көрген. Біздің қоғам жаңадан тәй-тәй басқан бала сияқты. Әр нәрсеге еліктеу басым. Соның ішінде жылтырағанға жастар көп тұтығады. Осындай оқиғалар бұрыннан көңілде тұрған еді. Осының тігісін жатқызып, арғы-бергі тұсын ептеп айту керек-ақ. Әйтпесе, «ауруын жасырған өледі». Мұндай құмартушылық біздің заманауи қоғамның айықпас дертіне айналып барады. Осыны мәселе ретінде қаузап, саралап жазуды жөн көрдік.



ОЙЫН БАТПАНДАП КІРІП, МЫСҚАЛДАП ШЫҒАДЫ

Қазіргі таңда құмар ойын батпандап кіріп, мысқалдап шығып жатыр. Ұят-аят, атақ-даңқыңа кір келуге қарап тұрған жоқ. Атағы жер жарған бизнес адамдары, әйгілі жандар, әнші-биші – бәрі бәрінің басын шырмал бітті. Бір кіріп кеткен соң, артқа қайту жеңіл емес көрінеді.

Осы күні интернет ашық. Кімнің қайда, не істеп, не қойып жүргені жасырын болмай қалды. Әлеуметтік желі нағыз – геолокация. Барша ісін көпшілікке аян. Жасырын, ұрын барып, үндемей іс бітіре алмайсыз. Егер сізді танитын бір адам болса, сыртыңыздан видеоға түсіріп алады. Содан кейін ғаламторға жариялап жібереді. Ал онан соң жасырынып көріңіз.

Бүгінде интернет жарнаманың дәурені жүріп тұр. YouTube қарап рахаттанбайсыз. Жиі-жиі әр нәрсені жарнамалай береді. Соның ішінде құмар ойындар өзіне тартады. Тораптың торына кім-көрінген ілініп калуда. Айтып-айтпай не керек, дүкен, сауда орталықтарының жанында ойын автоматтары қойылған. Оған барып, соңғы тиынын тігіп тұрғандар ұдайы байқалады. Олар болса айналасына зер салмайды. Бар ойы әлгі түрлі-түсті аппаратты шұқылап әлек. Көзін шел басқан. Ойы – жеңіл ақша ұту. Жас жігіттердің жастық ғұмыры несиенен өтуде. Жылдам ақшаға жегіліп, соны төлей алмай шерменде күйге түседі. Осының барлығын ақша салып, соны ұтамын деп бос қиялдаудан басталады. Нарықтық заманда адамдар жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруге ынтық. Бірақ тағдыр ондайға дес бермейді. Неғұрлым ойын ойнап, әртүрлі әдіс-тәсілді пайдаланып ұтып кетуіңіз мүмкін. Дейтұрғанмен, оңай келген пұл құмға сіңген су сияқты соғұрлым жоғалады. Ешқандай құны болмайды. Сонда да санасын тез ақша тауып алуға бұрғандар көп.

МҰНЫҢ АРТЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА АПАРМАЙДЫ

Бірде бір таныстың басы дауға қалды. Ол кезде Түркістанда студент едік. Бірге жатақханада жатамыз. Жүріс-тұрысымыз бір аумақта. Бәріміз жастық, жалындап жанып тұрмыз. Жігіттік жастық шақтың албырт кезі болады. Өзімнің жанымда жүрген дос бала құмар ойнай бастады. Оны алғашқыда жасырды. Ешкімге айтпады. Кейін мәлім болды. Сөйтіп, бір күндері 1-курсның студентін жанына ертті. Бәлкім, бір-бірін тартқан шығар. Сол шақта біздің жоғары оқу орынында оқығанымызға 3 жыл болған. Мен олардан қашық жүрдім. Өйткені, қаржы тауып, өз-өзімді асырауым керек. Осы бойынша әртүрлі дәмханада істейміз. Біреудің үйіндегі қол жұмыстарын жасаймыз. Көлік жууға барамыз. Әйтеуір ақша табуды көздеп жүреміз. Бірақ адал жолмен. Сөйтіп, әлгі екі жігіттен жырақтадық. Әлгілер күнде де, түнде де ойынханаға барады. Сонда қонады десек, артық айтпағандық болар. Біреуі стипендиясын түгел салды. Бір-бірімен ым-жымы бір еді. Тіпті, қай ойын аппараты қалай ұтыс беретінін зерттепті. Бәрін біліп, түсініп алған. Әркіммен қақтығыстары да болыпты. Бірде 2 мың теңге салып, 34 мың теңге ұтыпты. Алайда, одан да көп ұтамын деп, ақыры 5 мың қарыз болып тыныпты. Кейіннен онысына өкініп, неге ұтқан шақта, ойынды тастап кетіп қалмағандықтарына қайран қалысты. Демек, ол ортаның өзіндік бас айналыстары кері әсері бар деген сөз. Онысын өздері айтты. Оларды қисық жолынан қайтаруға тырыстық. Ақыры біреуі оқудан шықты. Сөйтіп, Атырауға кетті. Ендігісінің басы тау-тасқа соғылды, көк тиынсыз қалды, беті қайтты. Сөйтіп, «иттен сүйек қарыз» болды. Бұл қарапайым ғана оқиға. Негізі, оңай ақша – оңай жерде жатпайды. Осы сәттер әліге дейін көз алдымызда. Ондайдың бетін аулақ қылсын.

ЖҮЙКЕНІ ТОЗДЫРАДЫ

Адам болған соң, кейде ой серпілтуді көздейсің. Сөйтіп, жан-жағыңа қарайсың. Жұрттың бәрі ауыр жұмыстан шаршап, оңайды көксейді. Бірақ оңай жерде нан жоқ. Осыны біреу түсінеді, келесі ұқпайды. Ал кейбіреулерге – «екі қойын – бір сом». Ештеңеге бас ауыртпайды. Өз әлемі бар. Жұмыс істеп жарытпайды. Құмар ойынға беріліп кетеді. Соңында барынан айрылады.

Құмар ойын ең әуелі адамның санасын улайды. Оны жеңемін деп сөзбен айту оңай, іспен дәлелдеу қиын. Әйтеуір жатқан әлек. Күндіз-түні казино жағалап, табанынан таусылады. Бар абыройын төгеді. Отбасынан безеді. Ондағы жың-ойнаққа елігеді. Әртүрлі қылыққа барады. Өзіне жоқ жерден жау табады. Қарызға батады. Соңында бас сауғалаумен жүреді.

Жалпы, казино жас тандамайды екен. Өзіне атағы дардай адамды да, қарапайым жалшыны да елітетін көрінеді. Халыққа белгілі өнер адамдарының тұтылып, миллиондап қарызға кіріп, берешегі көбейгенін естідік.

Құр қажетсіз ойынға кіру жүйкені тоздырады. Бұны психологтар дабыл қағып айтып келеді. Десе де, құлақ түретіндер аз. Дерт басқа кірсе, оңайлықпен шықпасы анық. Сондықтан өзіміздің алтын басымызды бақыр үшін қор қылмаған жөн.

ЗАҢМЕН ТҮЙЫМ САЛУ ҚАЖЕТ

Жақында халық қалаулылары құмар ойынға байланысты үн қатты. Мұны күллі адамзатқа, қала берді жастарға өте зиян екендігін нақты мысалдармен келтіріп берді. Сондай-ақ, интернеттегі құмар ойынға елітетін әлгі айтылған жарнама беттерін тоқтатуды, заңмен тыйым салуды ұсынды. Құптарлық игі іс.

Қазақстанда екі ойын орталығы бар. Олар – Қонаев пен Бұрабай. Осы елдімекендерде түрлі ойынханалар орналасқан. Сол орындарға жақындағаннан бастап, ойынға елітетін баннерлер ілінген. Онда бара қалсаңыз, хан сарайындай салынған үйлерді көресіз. Әсіресе, кешкі уақытта, түнгі сәттерде небір қулық-сұмдық өтеді. Қаншама рет адамдар құмар ойнап, қарызға белшесінен батып, өмірімен қоштасты. Ондағы түнгі көбелектер де тыйылар емес. Үй, жеңіл көлік, дүние-мүлік тігіліп жата-

ды. Бірақ та көп ақша көтеріп, жырғап кеткен мырқымбайларды естіп-көрген емеспіз. Ұтқан күннің өзінде оның да өз есебі болар. Оны тектен-тек ұттырып, жіберіп қоймас.

Елімізде «Ойын бизнесі туралы» заң қарастырылған. Онда ойын мекемелері, букмекерлік кеңселер, ойын бизнесі талаптары, т.б. баптар тайға таңба басқандай жазылған. Заң жағынан айып жоқ. Уақыт-сағаты келсе толықтыру мен түзетулер енгізіліп те қалар. Алайда, осының мән-мағынасын ұғып, дұрыс орындай білсек болғаны.

ЖАҚСЫ ІСПЕН ШҮҒЫЛДАНАЙЫҚ

Әр отбасының сыры басқа. Көп адамды жокшылық қысады. Содан соң сергелдеңге түседі. Қазір не көп, кредит, ипотекасы барлар жетеді. Соны төлеймін деп бас қатады. Бұл қазіргінің талабындай.

Баланы жастайынан еңбекке баулыған дұрыс сияқты. Оның өзінде 1 теңгені 10 тиын қылу жайын ойласа екен. 10 қойды 2-3 отарға жеткізуді дітесе дейміз. Сонда ғана жасөспірім өскенде жерде қалмас. Мемлекет те жастарға 2,5 %-бен несие беруде. Мұны шағын және орта бизнеске бағыттаған. Осыған ілігіп, құжатын түзіп, бизнес жоспарын жасап өткізсе, кәсіп бастауға жол ашылады. Негізі біздің елге өңдеуші кәсіпорындары ауадай керек. Жерасты қазба байлығы түгесілгенде, баламалы қуат көздері, көпекторлы экономикамен шұғылданду қажет болады. Сондықтан ел болашағын бүгіннен ойлау керек. Құр босқа ойынханаларға миллиондаған пұл құртып, жастықты ойын-сауыққа бұрып өткізе берсе, түбі құрдым болады. Бұл туралы небір кинофильмдер түсірілген.

Қазір кем-кетік жанұялар көп. Қаншама бала ем-домға қаражат жетпей, кезегін күтуде. Бай-бағландар одан да қолындағы артық қаржысын мұқтаж жандарға берсе жақсы-ақ болар еді. Сауапты істің пайдасы шаш-етектен.



ТҮЙІН:

Дүние – қолдың кірі. Байлық – бірде бар, бірде жоқ. Сондықтан табан ет, маңдай термен бейнеттенгенге, нәтижесін көргенге не жетсін. Қазақта «Еңбектің наны тәтті» деген мақал-мәтел бар. Біреуге қарыз болып, құмар ойнап, ақырында далада қалмайық. Одан да жанұяны асырап бағып, ата-ана, жақын-жуықтарға уақыт бөлейік. Бес күн жалғанда бұл ғұмырды айқай-сүренге арнамайық. Біреудің қателігінен сабақ алайық. Жаман жолға түспейік. Қасықтап жиған абыройды, шелектеп төгіп алмайық. Түзу жолмен жүруге, адал еңбек қылуға жазсын.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





● ЗЕРДЕ

Сол бағыттардың ішінде «Ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту өте маңызды» атты екінші бағытында: «Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы бастама көтердім. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің бір топ ғалымдары жұмыла кірісті. Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын жеті томдық жинақты әзірлеу үшін біраз шаруа атқарылды... Бір сөзбен айтсақ, жеті томдық еңбекте еліміздің шынайы шежіресі толығымен жазылуы қажет», – деді Мемлекет басшысы. Ол Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты қолға алған стратегиялық маңызы бар «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жеті томдық етіп әзірлеу» жобасы жайлы атап өтті.

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Біз тарихы қалың елміз» депті. Расында, адамзат өркениеті мен мәдениеті басталғаннан бастап Ұлы дала басынан түрлі оқиғаларды кешірді. Еуразия құрлығында алпауыт империялардың негізін құрды. Ғылыми жаңалықтардың басында тұрды. Аштық пен тоқтықты қатар көрді. Тәуелсіздік алған шақтан бастап етек-жеңімізді жинай бастадық. Бүгінде өзіміздің төл тарихымыз жүйеленіп, сараланып, зерттелуде. Осыған орай Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор З.Е.ҚАБЫЛДИНОВПЕН сұхбаттасқан едік.

ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗ

«Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» атты

(Басы 1-бетте)

Бұл тарих – бұрынғыдан өзгерек

– Бұрындары Қазақстан тарихы бойынша академиялық басылымдар қалай жазылып еді. Олардың қандай кемшіліктері болды?

– Қазақ КСР КП хатшысы М.Әбдіхалықов пен А.М.Панкратованың жалпы редакциясымен қазақ тарихшылары және республика астанасына эвакуацияланған орыс тарихшыларының қатысуымен 1943 жылы Қазақстан тарихы бойынша жалпылама академиялық еңбек жазуға алғашқы талпыныс жасалды. Кеңестік цензура мен қатаң партиялық қысым жағдайында халқымыздың объективті де шынайы тарихын жазу жолындағы авторлар ұжымының алғашқы қадамдары Орталық тарапынан аяусыз сынға ұшырады.

Жаңа академиялық басылымның екі томдық болып қайта баспадан шығуы 1957–1959 жылдары да сәтсіз аяқталды: сәл кейінірек ғылыми еңбекті жазуға қатысқан көптеген қазақ ғалымдары әртүрлі кедергілерге тап болып, аяусыз саяси қуғынға ұшырады. Мәселен, Е.Бекмаханов саяси қуғын лагерінен оралысымен республикаға тағайындалған партия қызметкерлерінің айтқанымен тарих жазуға мәжбүр болды. Араға жылдар салып, 1980 жылы «Қазақ КСР тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» бірегей академиялық басылымның 5 томдық болып екі тілде жарық көруі – Кеңестік Қазақстан тарихындағы сапалы жаңа құбылыс болғандығы сөзсіз. Басты авторлар мен оның редакциялық алқа мүшелері Республиканың Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Алайда, партиялық қысым, кеңестік цензура, таптық күрес пен пролетариат диктатурасының идеяларына негізделген ескірген кеңестік әдістеме ғылыми еңбекке де әсер етпей қоймады: көптеген тарихи оқиғалар мен фактілер бұрмаланып, тарихи тұлғалардың саяси әлеуметтік өмірі атүсті таяз жазылды. Мысалы, 20–30 жылдардағы жаппай ашаршылық мәселелерін, республикаға әртүрлі ұлттардың жер аударылуы мен жаппай саяси қуғын-сүргін, XX ғ. 20–50 жылдарындағы партиялық және арнаулы органдардың ОГПУ (НКВД) зұлымдық әрекеттерін толығымен айналып өтті десе де болады. Қысқа бір мысал келтірер болсақ, қазақ мемлекеттілігі мен көшпелі және жартылай көшпелі өмірдің өз-өзін қай жағынан болсын толық қамтамасыз ете алатын тендендіс бірегей жүйесінің ролі әдейі кемсітіліп жазылды.

2010 жылы «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жағдайында Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жазуға жаңа талпыныс жасалды. Объективизмді қамтамасыз етуде бірқатар елеулі жетістіктерге қол жеткізгенімен, еңбек сын көтермейді. Мәселен, өткен тарихи оқиғалардың баяндалуы мен интерпретациясы бұрынғы кеңестік тарихи мектеп көзқарасының үстемдігіне сәйкес жазылған. Кейбір материалдар алдыңғы бес томдық басылымнан механикалық түрде қайта жазылған болып шықты. Отандық ғылымды қаржыландырудың әлсіздігінен дарынды жастардың бірталайы ғылым саласынан кетуге мәжбүр болды. Бұл да сол жылдардың бір салқыны десек те болады. Кейін бірқатар субъективті және объективті жағдайларға байланысты 20 кітаптан тұратын 10 томдық «Қазақстан тарихы» баспадан шықпай қалды.

Геосаяси жағдай өзгерді

– Жаңа көптомдық еңбекті жазудың қандай қажеттілігі болды?

– Соңғы жылдары мұрағаттық құжаттар жинағы көптеп шығып жатыр. Кезінде жабық болған архив қорлары құпиясыздандырылып, қайта кең ғылыми айналымға енгізілді. Көптомдық эпистолярлық шығармалар мен 100 томдық «Бабалар сөзі» сияқты сирек фольклорлық туындылар жарық көріп, жаңа және қазіргі заман кезеңінің де ғылыми басылымдары оқырмандарымен қауышты.

Мемлекет пен үкіметтің және тиісті ведомстволардың қолдауымен «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Қасиетті география», «Ұлы даланың тарихы мен мәдениеті», «Архив–2025» сияқты бағдарламалар жаңа монографиялар мен мұрағаттық құжаттар жинақтарын басып шығарумен жүзеге асырылды. Төл тарихымызды жаңа қырынан көрсететін тың ғылыми басылымдар пайда болды.

Геосаяси жағдай өзгерді: біздің бай тарихымыз бен қанша ғасырлық мемлекеттілігімізді жоққа шығарып, күмән келтіретін сауатсыз саясаткерлердің үні естіліп жатыр. Терең тарихымызды өз ыңғайына қарай жаза беретін әуесқой шалақ белсенділер де пайда болды.

Қазір бізге әлемнің түкпір-түкпірінен туристер мен ғылыми және іскер топ өкілдері келетіндей Қазақстан айтарлықтай ашық елге айналды. Қастерлі Отанымызға, оның бірегей тарихы мен мәдениетіне дүние жүзі елдері қызығушылық танытуда. Димаш, Самал, Иманбек, Геннадий, Жәнібек сынды әлемге танымал шоу-бизнес пен спорт өкілдері Қазақстанға әлем назарын аудартты.

Қоғамымызда шынайы да объективті тарихымызды бұрмалаусыз, жалған ақпараттарсыз, коммунистік және кеңестік идеологиясыз жазуды талап ететін пікірлер арта бастады.

Бірегей басылым – қажырлы еңбектің көрінісі

– Қазақстан тарихының академиялық деңгейдегі көптомдығы шығып отыр. Бұл еңбектің бұрынғы бұрмаланған тарихтан өзгешелігі, айырмашылығы, жаңашылдығы қандай?

– Еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылдың басында «Тәуелсіздік – бәрінен де биік» бағдарламалық мақаласы жарыққа шығып, ұлттық тарих саласындағы бірқатар жаңа бетбұрыс бастамалар мен тапсырмаларды айқындап, Қазақстан тарихы бойынша жаңа академиялық басылымды дайындау қажеттігіне ерекше назар аударуы кездейсоқтық емес.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың қамқорлығымен және Мемлекеттік кеңесші Е.Т.Қариннің тікелей бақылауымен 2021 жылы шілде айының басынан бастап осы бірегей басылым бойынша жұмыс басталды. Ауқымды жобаны іске асыру үшін қаржы да бөлінді. Көптомдық жұмыстың 7 томнан тұратынын және 3 тілде жазылатынын, сондай-ақ уақыттың аздығын ескере отырып (оны дайындауға небәрі 2-ақ жыл уақыт берілді!), 300-ден астам маман, оның ішінде 12 елден беделді шетелдік ғалымдар мен 10-нан астам әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтардың өкілдері тартылды.

Мысалы, Питер Голден (АҚШ), Гарвард университетінің атақты ғалымы Нұрлан Кенжеахмет, XVI–XIX ғасырлардағы Еуропа және Америка карталарын жетік білетін белгілі картограф Мұхит Сыдыкназаров, Ресейдің әйгілі тарихшысы А.Қадырбаев (Ресей), көрнекті ғалым, Алаш қозғалысының танымал маманы Томохико Уяма (Жапония), жаңа заман

кезеңінің белді тарихшысы Владимир Тепкеев (Қалмакия), Ахмет Ташагыл (Түркия), Әлихан Бөкейхан туралы кітаптың авторы Виктор Козодой (Ресей) және т.б. ірі ғалымдар әлемнің түкпір-түкпірінен тартылды.

Арамызда ең жас ғалым 28-де болса, ең үлкені 98-де (академик Досмұхамед Кішібеков, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері).

– Қандай ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді?

– Ұйымдастыру жұмыстары ретінде көптомдық кітаптың тұжырымдамасы мен әр томның құрылымы жасалып, бірқатар пікірталас семинарлар мен конференциялар өткізілді.

Негізгі орындаушылар ретінде Отандық 6 жетекші Ғылыми зерттеу институттары: «А.Х.Марғұлан атындағы Археология институты»; «Халықаралық Түркі академиясы»; «Жошы Ұлысын зерттеу институты»; «Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты»; «Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты»; «Мемлекет тарихы институты» тартылды. Біздің Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты қабырғасында стратегиялық маңызы бар «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жеті томдық етіп әзірлеу Орталығы құрылды.

Қазақтың өз тарихы бар

– Аталмыш көптомдық еңбекті жазудың басты мақсаты неде?

– Бұл жобаның басты мақсаты – Қазақстан халқының көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі саяси-экономикалық және этнодемографиялық тарихының үдерістерін бейнелейтін тарих ғылымының жаңа жетістіктері негізінде ұлттық тарих бойынша 7 томдық академиялық басылым әзірлеу екендігі белгілі.

Бұл жобаны әзірлеу нәтижесінде Отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен саясат өкілдері Қазақстан тарихы туралы нақты түсінікке не болуы керек. Мәселен, қазақтардың тарихи тамыры терең, әрі бірегей тарихи тағдыры бар, өзінің территориясы бар, тілі мен мәдениеті біртұтас автохтонды халық екендігін білулері өте маңызды.

Бұл басылым Қазақстан тарихы бойынша жаңа мемлекеттік білім стандартын, сондай-ақ мектептер мен жоғары оқу орындарының жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді қалыптастыруға ғылыми негіз болары анық.

Тиісті сараптамалардан өтеді

– Осы еңбек сапалы болу үшін қандай әрекеттер жасалды?

– Әр томға үйлестірушілер мен кеңесшілер, редакциялық алқалар тағайындалды. Жұмыстар көптеген сыртқы және ішкі сараптамалардан өтті, әр томда арнайы редакторлар жұмыс істеді. Ағымдағы жылдың шілде айының соңына қарай барлық томдардың қолжазбаларын Ұлттық аударма бюросына тапсыру жоспарлануда. Осы көптомдық басылымды келесі жылдың ортасына қарай әлемнің бірқатар тілдерінде басып шығаруға дайындап жатыр.

Мысалы, 5-ші томның (18–20-жылдардың басындағы Қазақстан тарихы) тармақтары бойынша әрқайсысына 6 рецензиядан келді! Әр том бойынша 7-8 «дөңгелек үстелдер» мен конференциялар өткізілді. Даулы мәселелер талқыланды. Оның үстіне, бірқатар материалдарды қосымша



ЖАҢАША ЖАЗЫЛДЫ

академиялық басылымның жеті томдығы дайын болды

сараптамадан өткізу үшін еліміздің жетекші ғылыми ведомстволарына береміз.

Тарихи еңбек 7 томнан тұрады

– **Жеті томдық ғылыми еңбектің қандай ерекшеліктері бар?**

– **Біріншіден**, объективті және субъективті қиындықтарға қарамастан (мысалы, алдыңғы көп томдықтардың дайындалғанына 10 жылға жуық уақыт болды, біздікі 2 жыл), жаңа көптомдық бұрынғы аналогтардан біршама ерекшеленеді.

Екіншіден, алдыңғы академиялық басылым 5 томнан тұратын болса, бұл жолы 7 томнан тұрады. Мысалы, орта ғасыр дәуірі 3 томға бөлінді: «Түркі қағанаттары кезеңі»; «Жошы ұлысы дәуірі»; «Қазақ хандығы дәуірі». Бұл қисынды да. Мысалы, бұрындары 1250 жылға жуық тарихымызды тек 1 томға ғана сыйдырып жіберген болса, ал Кеңестік кезең мен тәуелсіздік дәуірінің әрқайсысына бір-бір томнан берілген болатын.

Үшіншіден, кітап үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) басылып шығады. Қазақстанның әлемдік ғылым-білім, мәдени және экономикалық кеңістікке енуі мен жаһандану жағдайында әрі дұрыс, әрі ұтымды шешім. Көптомдықты «Cambridge University Press» базасында ағылшын тілінде шығару жоспарлануда. Бұл тұрғыда тәжірибеміз де бар: 2020 жылы әлемнің жетекші университетінің базасында институт «Шокан Уәлихановтың таңдамалы шығармаларын» ағылшын тілінде басып шығарды.

Төртіншіден, кітапқа этнологиялық сипаттағы мәтіндер, лингвистика, әдебиет, картография бойынша бұрынғы көптомдықтарда іс жүзінде болмаған материалдар енгізіледі. Бұл дәстүрлі аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы, жайылым, ұлттық тамақтар, дәстүрлі ветеринария мен медицина және т.б. біздің тарихымызды толық әрі тартымды етеді.

Бесіншіден, біздің тарихымызды одан әрі үйлесімді және көп жанрлы ететін көптеген жаңа абзацтар болады. Мысалы, 5-томда (XVIII–XX ғ.ғ. басы) белгілі тарихи тұлғаларға (Әбілмәмбет хан, Уәли хан, Жантөре хан, Арынғазы хан, Бөкей Барақханов, Әлихан Бөкейхан, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Мәшһүр Кенішұлы, т.б.) қатысты жаңа абзацтар пайда болды, онсыз – қазақ мемлекеттілігі бірте-бірте біраз уақытқа жойылған осы күрделі де қайшылықты дәуірді көрсету іс жүзінде мүмкін емес.

Шаруа басшылары, тархандар, аудармашылар және т.б. институттар жайлы бірегей абзацтар пайда болды. Бұған дейін «Ертістің он версттік белдеуінің», Ертістің оң жағалауындағы «Семей ішкі округінің» құрылу тарихы, патша билігінің Новошым (1752), Новоилецкий (1810) және Новолинейный (1835) облыстарынан бас тартуы туралы жеке параграфтар болмаған.

Ал енді 6-томда (1917–1991) Кеңестік кезеңнің жаңаша түсіндірмесі пайда болады: байлар мен кулактардың жойылуы; көшпелілердің отырықшылыққа ұшырауы; мұсылман және православиелік дін басыларының қудалануы; Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдовадан 360 мыңға жуық кулактың Қазақстанға жер аударылуы; соғысқа дейінгі жылдарда республика азаматтары арасынан Қызыл Армия бөлімшелерінің құрылуы; Қазақстандағы әскери тұтқындар лагерлері мен саяси тұтқындарға арналған концлагерьлер салынуы секілді тақырыптар да назарлан тыс қалмады.



Алтыншыдан, Қазақстанның жаңа академиялық тарихын жазуға әртүрлі бағыттағы мамандар – популяциялық генетиктер, физикалық антропологтар және палеогенетика (биология ғылымының өкілдері), өз жұмыстарында жаратылыстану ғылымының әдістерін пайдаланатын археологтар (физика әдісі, хронологияны радиоөміртікті тәсілдермен анықтау әдістері т.б.), Қазақстан экономикасының дамуы туралы жазатын экономистер, заңгерлер, т.б. жұмылдырылды. Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ғылым комитетінің көмегімен Ұлттық фотоматериалдар мұражайы мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотокұжаттар мұрағатының қорларынан құжаттарды көшіріп алуға мүмкіндік туды.

Алыс-жақын шетел мұрағаттары пайдаланылады

– **Жинаққа Қытай, Иран, Өзбекстан сияқты елдердегі архив материалдары қаралып, кіргізілді ме, қазақ тарихына қатысты біз білмейтін тың деректер, бұрын жарияланбаған қолжазбалар бар ма?**

– Әрине, бұл елдерден материалдардың үлкен базасы тартылды. Мысалы, Клара Хафизова, Жанымхан Ошан, Мұхамеджан Нәбижан сынды Қытай бойынша белгілі ғалым-мамандар қазақ-орыс қатынастары немесе қазақтардың Қытайда болуы туралы тарауларын жазғанда екі үлкен Пекиндік архив материалдарын пайдаланған. Немесе ирантанушы, шығыстанушы ғалым Жәніс Жомарт өз тарауын парсы материалдарына сүйене отырып жазған. ҚР Орталық мемлекеттік архивінің директоры Сәбит Шілдебай өз тарауының авторы ретінде Өзбекстан мұрағаттарын пайдаланды.

– **Бұндай ауқымды еңбек неліктен сіздердің институттарыңызға жүктелген. Бүгінде Сак, Ғұн, Түркілік кезең, Қыпшақ дәуірі, Шыңғысхан, Әмір Темір, Алтын Орда дәуірі және т.б. кезеңдерді зерттейтін мамандар бар ма?**

– Біздің институт – тарих ғылымының қара шаңырағы. 1945 жылы құрылған. Институтымызда ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнді зерттейтін білікті мамандар бар.

Бұрынғы бестомдықтарды біздің институт құрастырған. Дегенмен, мамандар тапшылығына орай аталған бағыттардағы ғалымдарды біз басқа мекеме және басқа елдерден шақырдық. Мысалы, 2 томның авторлар ұжымына 6 шетелдік автор кіреді. Оның ішінде Питер Голден (АҚШ), А.Ш.Қадырбаев (Ресей), Ахмет Ташағыл (Түркия), Т.Чоротегин (Қырғызстан) және т.б. Кейбір ғалымдардың Хирш индексі көрсеткіші өте жоғары. Ал 3-том авторларының ішінде шетелдік орындаушылардың саны 24 маманды құрайды. Оның ішінде жетекші зерттеушілер: Ресейден – т.ғ.д., В.В.Трепавлов, т.ғ.д. Р.Ю.Почекаев, т.ғ.д. А.Ш.Қадырбаев, т.ғ.д. И.М.Миргалеев, т.ғ.к. Е.Д.Зиливская, т.ғ.д. Л.А.Бобров және басқа ғалымдар да бар. Алыс шетелден – PhD докторы Александр Николов (Болгария), PhD докторы Ильяс Кемалоглу (Түркия), PhD докторы Юлай Шамилоғлы PhD (АҚШ) және т.б.

Білікті мамандар жұмылдырылды

– **Бұл тарихымыз бойынша пәнаралық байланыс бар ма?**

– Стратегиялық маңызы бар «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымның жеті томдығын дайындауға тарихшылардан бөлек 12 мамандықтың (картограф, этнолог, саясаттанушы, экономист, әскери қызметші, филолог, мәдениеттанушы, экономист, заңгер, т.б.) өкілдері, білікті мамандар жұмылдырылған.

– **Аталмыш көптомдықта қандай жаңа тараулар мен материалдар пайда болды?**

– Иә, жаңа тараулар мен материалдар саны өте көп. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы оқиғаларды қамтитын 5 томға сәйкес мысал келтіре кетейін. Тарауларды жанартуға қатысты көптеген өзгерістер орын алды: «Орынбор («Қырғыз-қайсақ») экспедициясының қызметі», «Қазақ хандығының Цин империясымен елшілік қарым-қатынасы», «Қазақ хандарының расталуы: жаңа императорлық тәжірибе», «Әбілмәмбет ханның ішкі және сыртқы саясаты», «Орта жүздің ханы Уәли (1281 ж.)», «Дәстүрлі билер соты және оның қайта құрылуы», «1781 жылы Қазақ қоғамындағы тарханизм (XVIII–XIX ғ.ғ.)», «Қазақтардың шекара сызығының ішкі жағына өтуіне тыйым салудың идеологиясы мен тәжірибесі», «Новошымская (Горький) шебі – қазақ даласын әскери отарлаудың жаңа кезеңі (1752 ж.)», «Ресей империясының Ертістің сол жағалауындағы 10 версттік белдеуін басып алуы (1765 ж.)», «Патша өкімшілігінің Кіші жүздегі құнарлы жерлерді басып алу және 1810–1822 жылдардағы Ново-Илецк шекара сызығын салу жөніндегі саясаты», «1835 жылы Новолинейный (Новооренбург) округінің құрылуы», «Сұлтан Ғұбайдолла Уәлихановтың Орта жүзде хандық билікті жоюға қарсылығы», «Сыздық сұлтан бастаған ұлт-азаттық күрес», «Семей ішкі округінің құрылуы (1854)», «Ресей империясы Құланды даласын көшпелі қазақтарға беруі (1880)», «Әлихан Бөкейханов – Алаш үкіметінің негізін қалаушы және басшысы», «Қажымұқан – грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы».

– **Әңгімеңізге көп рахмет!**

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау – реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну бойынша «Алматы жылу жүйесі» ЖШС қызметі туралы есеп

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығы) (бұдан әрі – Қағидалар) талаптарын орындау үшін «Алматы жылу жүйесі» ЖШС (бұдан әрі – «АлЖЖ») ЖШС 2023 жылғы 21 шілдеде 2023 жылғы 1-жартыжылдығы үшін қызметі туралы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өтті. Қағиданың 299 тармағына сәйкес есеп мынадай ақпаратты қамтиды:

1. табиғи монополи субъектісі туралы жалпы ақпарат.
2. бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.
3. бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы.
4. реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы.
5. табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы.
6. табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы.
7. реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.
8. реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыс туралы.
9. қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы.

Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп беретін табиғи монополия субъектісінің атынан бірінші басшы – Бас директор (Қағиданың 299-тармағына сәйкес) сөз сөйлейді.

Жария тыңдаудың төрағасы – коммерциялық директор (Қағиданың 296-тармағына сәйкес «АлЖЖ» ЖШС басшыларының қатарынан).

1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат

«АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуді және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісі болып табылады.

«АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК), «Алматыжылукоммунальн» ЖШС (83 қазандық) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының энергияға және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

2023 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1359,88 км құрайды, оның ішінде:

- Магистралдық жылу желілері (МЖЖ) – 292,79 км;
- Тарату жылу желілері (ТЖЖ) – 1067,08 км.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Табиғи монополия субъектісінің 2023 жылғы 6 айдағы инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты

Қызмет түрі: беру, бөлу және жабдықтау

№ р/с	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жоспарлы және нақты көлемі туралы ақпарат						Пайда мен залал туралы есеп	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы, ҚҚС-сыз мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, ҚҚС-сыз мың теңге			Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) қол жеткізілген нақты көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарларды, жұмыстарды) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Табиғи көрсеткіштермен саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде қызмет көрсету кезеңі		Жоспар	Факт	ауытқулар	ауытқу себептері	меншікті қаражат		Бюджеттік қаражаттар	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша негізгі қорлардың (активтердің) тозуын (физикалық) төмендету, %	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша ысыраптарды азайту, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша төмендету		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша ысыраптарды азайту, %	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
				Амортизация	пайда							өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт								өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25				
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Объектілерді күрделі жөндеу, қайта құрылымдау	жұмыстар кешені	3	0	2023	2 418 637,00	1 186 549,39	39 495,78	1 147 053,61	-	39 495,78	-	-	3 135 002,89	-	-	59,2	-	17,50	12,37	1 170	925	-	-			
2		ЖСҚ әзірлеу	жұмыстар кешені	9	0			225 119,99	0,00	225 119,99	-	0,00	-	-		-	-											
3		Мемлекеттік сараптама	жұмыстар кешені	22	11			33 277,39	13 870,67	19 406,72	-	13 870,67	-	-		-	-											
4		Сорғы, желдету, дәнекерлеу жабдықтар, электр қозғалтқыштар	дана	54	25			43 199,53	35 721,89	7 477,64	-	35 721,89	-	-		-	-											
5		Жылу алмастырғыш жабдықтар	дана	2	2			14 000,00	14 000,00	0,00	-	14 000,00	-	-		-	-											
6		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	дана/жыл	501	501			10 303,82	10 303,82	0,00	-	10 303,82	-	-		-	-											
7		Ілмекті арматура	дана	358	146			414 081,86	45 696,48	368 385,38	-	45 696,48	-	-		-	-											
8		Басқа	дана	76	70			40 213,81	9 290,00	30 923,81	-	9 290,00	-	-		-	-											
				1025	755		2 418 637,00	1 966 745,79	168 378,64	1 798 367,15		168 378,64		0,00	3 135 002,89													

3.Бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы

2023 жылдың 1-ші жартыжылдығы үшін жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаны орындау.

ҚҚС-сыз мың теңге

№	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада қарастырылған	2023 жылғы 1-ші жарты-жылдығы үшін нақты қалыптасқан көрсеткіштер	Ауытқулар (+,-) 5-4	%	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	
I.	Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындар, барлығы	мың теңге	14 082 700,28	9 709 516,0	-4 373 184,2	-31%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 496 940,96	1 005 782,1	-491 158,9	-33%	
	оның ішінде:						
1.1	Шикізаттар мен материалдар	мың теңге	96 412,11	41 078,8	-55 333,4	-57%	
1.2	ЖЖМ	мың теңге	91 021,99	39 147,1	-51 874,9	-57%	
1.3	Су және көріз	мың теңге	25 885,01	10 086,6	-15 798,4	-61%	
1.4	Энергия	мың теңге	1 283 621,85	915 469,59	-368 152,3	-29%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды. Бұл ретте, электр энергиясына тариф 2020 жылдан бастап 27%-дан артық өсті
2	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар, барлығы	мың теңге	4 495 163,03	2 661 112,6	-1 834 050,5	-41%	
	оның ішінде:						
2.1	Жалақы	мың теңге	3 941 396,78	2 384 714,8	-1 556 682,0	-39%	2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕТЖ 70 мың теңгеге дейін ұлғаюы, сондай-ақ қызмет көрсету аймағының ұлғаюы штат санының ұлғаюымен байланысты
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	553 766,25	276 397,8	-277 368,5	-50%	
3	Амортизация	мың теңге	1 572 817,99	2 602 353,4	1 029 535,4	65%	Бекітілген амортизация мен нақты амортизацияның сәйкес келмеуі
4	Нормативтік ысыраптарға арналған шығыстар	мың теңге	5 435 653,59	2 878 337,7	-2 557 315,9	-47%	Жылу желілері ұзындығының ұлғаюына, сондай-ақ «АЖК» ЖШС химиялық тазартылған су құйының өсуіне байланысты
5	Жөндеу	мың теңге	824 978,76	364 437,2	-460 541,6	-56%	
6	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың теңге	1 596,71	541,4	-1 055,4	-66%	
7	Бюджет ұйымдарының қызметтері, барлығы	мың теңге	255 549,24	196 951,7	-58 597,5	-23%	
7.1	Байланыс қызметтері	мың теңге	14 165,22	7 440,1	-6 725,1	-47%	
7.2	Сараптамалар, зерттеулер	мың теңге	19 942,26	28 181,0	8 238,7	41%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды. Бұл ретте, 2022 жылдың қорытындысы бойынша нақты инфляция 20%-дан астам болды
7.3	Есептеу техникасына қызмет көрсету	мың теңге	6 258,93	39 501,3	33 242,4	531%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды. Бұл ретте, 2022 жылдың қорытындысы бойынша нақты инфляция, сондай-ақ шығыстардың жаңа баптарының пайда болуымен 20%-ды құрады

7.4	Аспаптарды мемлекеттік тексеру	мың теңге	15 638,25	4 165,6	-11 472,7	-73%	Шарттарды жасасу және орындау сатысында
7.5	Ведомстводан тыс және өрт күзеті қызметтері	мың теңге	58 383,45	24 564,0	-33 819,5	-58%	
7.6	Жалдау ақысы	мың теңге	1 111,40	165,0	-946,4	-85%	Шығындардың төмендеуі жалдау объектілердің азаюына байланысты
7.7	Кадрларды даярлау	мың теңге	2 308,96	397,0	-1 912,0	-83%	Шарттарды жасасу және орындау сатысында
7.8	Дезинфекция және санитарлық тазарту	мың теңге	5 777,94	5 717,6	-60,3	-1%	Артық шығын жылу желілері мен құрылыстарын жөндеу және қайта құрылымдау жұмыстарына байланысты қатты тұрмыстық қалдықтардан шығарылатын көлемнің ұлғаюымен байланысты
7.9	Автоинспекция қызметтері	мың теңге	642,91	0,0	-642,9	-100%	Шарттарды жасасу және орындау сатысында
7.10	Сақтандыру	мың теңге	79 747,46	45 985,4	-33 762,0	-42%	Шарттарды жасасу және орындау сатысында
7.12	Еңбекті қорғау	мың теңге	51 572,47	40 834,8	-10 737,7	-21%	ЖКҚ алдын ала сатып алумен байланыстар
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	1 776 858,55	1 076 248,3	-700 610,3	-39%	
8	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге	1 776 858,55	1 076 248,3	-700 610,3	-39%	
	оның ішінде:						
8.1	Жалақы	мың теңге	426 299,72	220 677,4	-205 622,3	-48%	
8.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	49 237,62	25 834,1	-23 403,6	-48%	
8.3	Амортизация	мың теңге	7 380,98	3 690,5	-3 690,5	-50%	
8.4	Салық төлемдері мен алымдары	мың теңге	1 042 657,33	658 816,3	-383 841,0	-37%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. Салық салу (жаналдан қабылданған желілер) объектілерінің ұлғаюымен байланысты
8.5	Коммуналдық қызметтер	мың теңге	2 636,46	2 424,6	-211,8	-8%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды. Бұл ретте, электр энергиясына тариф 2020 жылдан бастап 27%-дан артық өсті
8.6	Иссапар шығындары	мың теңге	437,34	0,0	-437,3	-100%	
8.7	Байланыс қызметтері	мың теңге	835,78	885,0	49,2	6%	Артық шығын интернет қызметі құнының 1 қаңтардан бастап 79%-ға өсуіне байланысты.
8.8	Кеңес беру, аудиторлық қызметтер	мың теңге	27 578,72	8 133,6	-19 445,1	-71%	
8.9	Банк қызметтері	мың теңге	9 588,72	195,0	-9 393,7	-98%	
8.10	Басқа шығыстар	мың теңге	210 205,89	155 591,8	-54 614,1	-26%	
8.10.1	Ақпараттық есептеу орталығының қызметтері	мың теңге	173 835,59	122 396,7	-51 438,9	-30%	Артық шығындар тұтынушылар санының өсуіне және қызметтің қымбаттауына байланысты, өйткені 2023 жылға бекітілген сома 2020 жылға 4% өсіммен орындалу фактісі болып табылады.
8.10.2	Мерзімдік басымдылар	мың теңге	198,97	23,5	-175,5	-88%	
8.10.3	Есептеу техникасына қызмет көрсету	мың теңге	469,44	0,0	-469,4	-100%	
8.10.4	Ведомстводан тыс және өрт күзеті қызметтері	мың теңге	5 557,09	7 034,1	1 477,0	27%	Артық шығын объектілерді қорғау жөніндегі қызметтер құнының ұлғаюымен байланысты, өйткені 2023 жылға бекітілген сома 2020 жылға 4% өсіммен орындалу фактісі болып табылады
8.10.5	Пошталық шығындар	мың теңге	2 321,43	2 321,4	0,0	0%	

8.10.6	Еңбекті қорғау	мың теңге	1 179,36	1 242,6	63,2	5%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды.
8.10.7	Кадрларды даярлау	мың теңге	1 698,74	704,0	-994,7	-59%	
8.10.8	Дезинфекция және санитарлық тазарту	мың теңге	419,65	188,4	-231,3	-55%	
8.10.9	Автоинспекция қызметтері	мың теңге	16,74	0,0	-16,7	-100%	
8.10.10	Сақтандыру	мың теңге	2 577,63	5 325,7	2 748,1	107%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды, қызметкерлерді сақтандыру құны ЕТҚ мөлшеріне тікелей байланысты
8.10.11	Нотариалдық қызметтер	мың теңге	16 845,42	4 218,77	-12 626,7	-75%	
8.10.12	ЖСЖМ, кеңселік тауарлар	мың теңге	5 085,83	12 136,7	7 050,9	139%	Бекітілген шығындар мен нақты орындау арасындағы сәйкессіздік. 2023 жыл үшін бекітілген сома 2020 жылғы факт деңгейінде 4%-ға ұлғайып қабылданды.
9	Сыйақы төлеуге арналған шығыстар	мың теңге	5 748,51	0,0	-5 748,5	-100%	
III	Қызмет көрсетуге арналған барлық шығындар	мың теңге	15 865 307,34	10 785 764,3	-5 079 543,0	-32%	
IV	Пайда /Шығын	мың теңге	0,00	-14 451,8	-14 451,8	0%	
V	Барлық кірістер	мың теңге	15 865 307,34	10 771 312,5	-5 093 994,8	-32%	
VI	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың Гкал	6 354,85	4 314,5	-2 040,4	-32%	
VII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	15,58%	12,37%	0,0	-21%	
		мың Гкал	1 141,87	608,9	-533,0	-47%	
VIII	Тариф	теңге/Гкал	2 496,57	2 496,57	0,0	0%	

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы және реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері және табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштері туралы;
«АлЖЖ» ЖШС үшін 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №155-НҚ бұйрығымен тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейі шығынды әдіспен бекітілді, осыған байланысты 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының 10, 13-тарауларында жазылған реттелетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштері және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштері «АлЖЖ» ЖШС үшін бекітілмеген.

5. Қызметтің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы
2023 жылдың 1-жартыжылдығы кезеңінде Кәсіпорын 33,3 млрд. теңге мөлшерінде табыс алды, табыстың негізгі үлесі жылу энергиясын өткізуге 89,3%-ға келеді; жергілікті бюджеттен бөлінген ақшалай қаражаттың үлесі жалпы табыстан 9,2%-ды құрайды, ақшалай қаражат «АлЭС» АҚ және «АЖКС» ЖШС жылу көздері алдындағы кредиторлық берешекті жабуға бөлінді және жалпы табыстың 1,5%-ы Кәсіпорынның басқа және басқа кірістеріне тиесілі.
2023 жылдың 1-жартыжылдығындағы шығыстар 30,9 млрд. теңгені құрады, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға тиесілі – 71,3%. Сонымен қатар, негізгі шығындар: амортизация – 8%; жалақы – 9,4%; электр энергиясы, салықтар және жөндеу – 6,1%; және басқа шығындар – 5%.
2022 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтиже жергілікті бюджеттен бөлінген ақшалай қаражатты ескере отырып, пайда мөлшері 2,4 млрд. теңгені, бөлінген қаражатсыз шығын – 645,83 млн. теңгені құрады.

6. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы
Есептік кезеңде жылу көздерінен сатып алу – 4 587,34 мың Гкал құрады, өткен 2022 жылмен салыстырғанда 655,61 мың Гкал немесе 16,7% артты;
– Сатылды – 4314,45 тыс. Гкал., 2022 жылмен салыстырғанда 20% (728,19 мың Гкал-ға) артты.
– 2022 жылға қарағанда 20% (728,19 мың Гкал-ға) артты;
– Өз меншікті қажеттіліктеріне пайдаланылды – 10,02 мың Гкал;
– Коммуналық желілер бойынша нормативтік ысыраптар – 24,24 мың Гкал;
– Нормативтік ысыраптар – 608,86 мың Гкал.
2023 жылы жылу энергиясын сатып алу мен сатудың ұлғаюының себебі 2022 жылмен салыстырғанда күзгі-қысқы кезең күндерінің ұлғаюы болып табылады (айырмашылық 15 күні). Сондай-ақ, 2022 жылға қатысты 2023 жылы орташа айлық температураның өсуі.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыс туралы
2023 жылдың 1-жартыжылдығында Кәсіпорын бойынша электрондық құжат айналымында ресми тіркелген кіріс хат-хабарлардың саны 9 481 өтінімші құрайды, 2022 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 4,4%-ға немесе 440 өтінімше азайды. Барлық кіріс хат-хабарлардың 52%-ы Кәсіпорынның коммерциялық блогына тиесілі.

Кәсіпорында 3 (үш) тұтынушыларға қызмет көрсету (Батыс, Орталық, Шығыс) орталығы жұмыс істейді, олар «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді, бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және құжаттарды ресімдеу мен қызмет көрсету мерзімдерін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары 2023 жылдың 1-жартыжылдығында 43 634 тұтынушыларды қабылдады, 2022 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда тұтынушыларды қабылдау 5%-ға азайды.

2023 жылдың 1-жартыжылдығында қабылданған кіріс қоныраулардың жалпы саны 81 316 қонырауды құрайды, оның 89%-ы байланыс орталығына келіп түскен қоныраулар немесе 72 097 қабылданған қоныраулар, 2022 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 8,8%-ға азайды. Қалған 11% немесе 9219 кіріс қонырауды тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының қызметкерлерімен өңделген.

Серіктестік қосымша Facebook, Instagram және басқа да Интернет-ресурстар арқылы, WhatsApp-мессенджерлер, Кәсіпорынның ресми сайты, әлеуметтік желілер арқылы өтініштер қабылдайды.

Мысал ретінде қарастырайық, яғни WhatsApp мессенджері арқылы 2023 жылдың 1-жартыжылдығында тұтынушылардан 2838 өтініш қабылданды, 2022 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 55%-ға азайды.

8. Қызметтің перспективалары, оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы
2023 жылға арналған жылу желілерін қайта құрылымдау жоспары:

2023-2024 жылғы кезеңіне дайындық
Ағымдағы жылы 9,1 км желілерді қайта құрылымдау жүргізілуде, оның ішінде: өз қаражаты есебінен – 1,3 км және бюджет қаражаты есебінен – 7,8 км. қазіргі уақытта жұмыстар 40% немесе 3,4 км орындалды.
Сондай-ақ, ұзындығы 8,6 км жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жүргізілуде, 3,9 км немесе 45% жұмыстар орындалды.
8,6 км көлемінде оқшауларды қалпына келтіру, 46% немесе 4 км ауыстыру орындалды.

Қазіргі уақытта Кәсіпорынның жылу беру кезеңіне дайындығы 65% құрайды.

Дебиторлық берешекті қысқарту:
– Дебиторлық берешек үшін тұтынушыларды жылумен жабдықтау қызметтерінен өшіру жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы ақпаратты кәсіпорынның БАҚ және әлеуметтік желілерінде жариялау;
– Сотқа дейінгі хабарламалар беру;
– Дебиторлық берешек үшін тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау қызметтерінен өшіру;
Жылумен жабдықтау қызметтеріне, сондай-ақ Кәсіпорынның өзге де қызметі бойынша іс-шараларға тарифті өзгерту

Жылумен жабдықтау қызметтеріне тарифтерді көтеру ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жүргізілді. Тұтынушылар топтары бойынша тарифтің өсуі келесідей болады:

Халық – 20%,
Заңды тұлғалар – 30%,
Бюджеттік ұйымдар – 36%.
Жаңа тарифті енгізу қажеттілігі бірінші кезекте жылу желілері мен жабдықтарды жаңартумен байланысты, өйткені қазіргі уақытта Алматы қаласында жылу желілерінің тозуы 59,2%-ды құрайды.

Осыған байланысты 2023–2026 жылдар кезеңінде «Инвестицияларға айырбастау тарифі» мемлекеттік саясатын іске асыру шеңберінде 116 км желілерді жаңарту үшін салаға қосымша инвестициялар тарту жоспарлануда, бұл өз кезегінде желілердің тозуын 8%-дан астамға төмендетуге және шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Өзге де қызмет

– саны 3000 бірлік мөлшерінде ыстық су есептегіштерін орнату және ауыстыру;

– «АлЖЖ» ЖШС-ның автоматтандырылған жылу пункттерін көпшілерді тұрғын үйлерді жылыту жүйесіне қызмет көрсету жөніндегі өзге де қызметін заңдастыру.

Қорытынды.
Қорытындылай келе, 2023 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша Кәсіпорын қызметінің оң динамикасы байқалғанын атап өтуге болады. Жылыту кезеңіне дайындық кестеге сәйкес жүргізілуде, қазіргі уақытта дайындық 65% құрайды. Жылу желілерін қайта құрылымдау бойынша барлық жұмыстарды аяқтау – 15 қыркүйекке жоспарланып отыр.
2023 жылдың 1-жартыжылдығында «Инвестицияларға айырбастау тарифі» мемлекеттік саясатын іске асыру шеңберінде ТМРҚД және Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының бірлескен бұйрығымен «АлЖЖ» ЖШС инвестициялық бағдарламасы бекітілді, ол 2023–2026 жылдар кезеңіне 116 км жылу желілерін қайта құрылымдауды көздейді. Қосымша инвестициялардың күтілетін әсері жылу желілерінің тозуының 8,5%-дан астамға төмендетуді құрайды.

1-жартыжылдықтағы 2419 млн. теңге сомасындағы оң қаржылық нәтиже жергілікті бюджеттен кредиторлық берешекті жабуға ақша қаражатын бөлумен түсіндіріледі, ол КЕХС сәйкес табыс деп танылады. 2022 жылғы ұқсас кезеңдегі шығын 716 млн. теңгені құрады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.
Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

** құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

** құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

**Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ТЕМІРЖОЛДЫҢ ТАРЛАНЫ

Мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Көпжасаровтың құрметіне мемориалдық тақта ашылды



Алматыда Жамбыл және Төлебаев көшелерінің қиылысына орналасқан №160 үйдің қабырғасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген транспорт қызметкері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Құдайберген Көпжасаровтың құрметіне мемориалдық тақта ашылды. Салтанатты іс-шараны қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев ашты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Құдайберген Дүйсенұлының қазақ теміржол тарихында алар орны ерекше. Ұзақ жылдар бойы еселі еңбек етіп, осы саланың дамуына өзіндік үлесін қосқан жанның еңбегі бүгінгі ұрпаққа қашанда үлгі. Құдайберген Дүйсенұлы кенже дамыған саланың дамуы үшін барлық саналы ғұмырын арнады. Жүздеген шәкірт тәрбиелеп, мамандар қатарын арттырды. Мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен азаматтың жарқын бейнесі жүрегімізде жатталып, есімі елінің есінде сақталады, – деді Ғани Айдарұлы.

Қазақстанның теміржол саласының дамуына зор үлес қосқан азаматтың артында мол мұра қалды. Сонау 1976 жылы барлық өңірдегі теміржолға қатысты мамандардың басын қосып, осы салаға қатысты түйткілді мәселелерді талқылады. Ол кезде аталмыш сала мамандарының өте тапшы кезі. Осы мәселені тиісті жерге жеткізіп, көп ұзамай Қандығаш, Мақат теміржолдары үшін маман тапшылығы мәселесі өз шешімін тапқан еді.

Өз білімі мен еңбексүйгіштігі арқасында Құдайберген Дүйсенұлы Жоғарғы кеңестің депутаты болды. Сонымен қатар, Алматы-1,

Шу, Семей, Көкшетау станцияларының, облыс оралықтарында теміржол вокзалдары ғимараттарының ашылуына да мұрындық болды. Осылайша Қазақстан теміржолының дамуына орасан зор үлесін қосып, жүк және жолаушылар тасымалын дамытты. Халықаралық қатынастың жақсаруына зор үлесін қосты. Айтулы азаматтың шәкірттері бүгінде аталмыш саланың нағыз мамандарына айналып отыр.

Салтанатты іс-шара барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Құрметті теміржолшы Қалтай Сәмбетов, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының Консультативтік кеңесінің мүшесі, Құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов, Қазақстан көлік кәсіподағы төрағасының орынбасары, Құрметті теміржолшы Бақытжан Қуанышев, Алматы жүк тасымалы бөлімшесінің директоры, Құрметті теміржолшы Нұрым Лепесұлы сөз алып, Құдайберген Дүйсенұлының азаматтығы мен іскерлігі туралы еске алды.

Іс-шара соңында отбасы мен туыстары атынан Мәриям Дүйсенқызы сөз алып, қала әкімшілігіне алғыс білдірді. Барлық қатысушылар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші-сазгер Шәмлі Әбілтайұлының орындауындағы «Түркіб толғауы» атты шығармасын тыңдап, теміржолшының рухына тағзым етті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨРМЕ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АЛМА ҚАЛАСЫ»

Жас суретші Жанель Жұбанованың жеке көрмесі ашылды

Жанель Жұбанова – суретші-кескіндемеші, өнертану магистрі, Тулуза өнер университетінің тәлігі. 1992 жылы 6 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Жанельдің өнері қуаныш пен үйлесімділікке, тыныштыққа бағытталады. Бұған оның әр жылдардағы жеке көрмелері дәлел: «Әрдайым жанымда болатын мереке!» (2012), «Махаббат пен мейірімділік шеңбері» (2014), «Ой тазалығы – тазалық» (2016), «Мейірімді жүрек» (2020).



лық әңгімеде күнәға батудың символы, ертегілердегі жасартатын алмалар, т.б.

Ньютон бүкіләлемдік тартилыс заңын ашқаннан кейін алма білімнің, ғылымның және ағартушылықтың символына айналды. Үшінші мыңжылдықтың басталуымен Стив Джобс өз компаниясын «Apple» деп атағаннан кейін, алманың жаңа технологиялық дәуірдің символына айналуы кездейсоқ емес. Осылайша рәміз мыңжылдықтан мыңжылдыққа қарай қадам басып келе жатыр. Ал Қазақстан алманың отаны екенін әлемде білетіндер аз. Бұл тәтті және шырынды жемістер қазақстандықтарды жыл бойы қуантады. Мұнда олар барлық жерде өседі. Елімізде өсетін ең танымал алманың түрі – Алматы апорты. Апорт Алматының визитті карточкасы болып саналады. Оңтүстік астананың этимологиясы алмаға тікелей байланысты. Қазақстандық мәдени кодтың иесі, әлемді шарлап жүрген жас суретші Жанель өз шығармаларының тақырыбы ретінде алманы таңдап, сол арқылы (көрнекі түрде) алманың шығу тегі мен отаны – Қазақстан туралы баяндайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Суретшінің жаңа экспозициясы өзінің сүйікті қаласы және алма өлкесі Алматы қаласына арналған. Ежелгі заманнан бері алма әртүрлі мифтерде, аңыздарда және әңгімелерде кездеседі. Мысалы, алма библия-

МАМАН ПІКІРІ

Алтынжан СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ,
Алматы музейі бірлестігінің бөлім жетекшісі:

– Бүгін біздің музейде дарынды суретші Жанель Жұбанованың шығармашылық көрмесі ашылды. Көрмеге Жанельдің суреттерінен бөлек, басқа да алматылық суретшілердің туындылары қойылды. Қалалық суретшілердің басты тақырыбы – Алматы екені даусыз. Жанель де бүгінгі көрмесін қала тақырыбына арнады. Оның ішінде Алматы алмасының суреттері көрермен назарына ұсынылды. Көрме залына тек қана кескіндеме жұмыстары ұсынылды. 30-ға жуық кескіндеме жұмысы қойылды. Сондай-ақ, көрменің экспозициясынан шаһардың әдемі жерлері, натюрморттар, т.б. көруге болады. Жанель жас суретші болғандықтан, бұл – біздің көрмедегі алғашқы көрмесі. Өзінің шығармашылығында үлкен жетістіктерге жетеді деп сенім білдіремін. Көрме музейде екі апта болады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 494,94 теңге



USD/KZT 444,81 теңге



RUB/KZT 4,92 теңге



CNY/KZT 61,96 теңге